

**Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясы**

Нуримбетов Берықбай Кадырбаевич

Педагогика және басқару теориясы кафедрасы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БІЛІМ
БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТІ БАСҚАРУДЫҢ
ӘДІСТЕМЕСІ**

«6М030300 – Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша «магистр»
академиялық дәрежесін алу үшін

Магистрлік жоба

Ғылыми жетекші:
п.ғ.к., доцент Туркенова С.С.

Қарағанды- 2020

Мазмұны

Кіріспе.....	5
1 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқарудың теориялық негіздері.....	10
1.1 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқарудың мәні мен ұстанымдары	10
1.2 Тұлғалық-бағдарланған қатынас — педагогикалық процесті басқару тиімділігінің айқындаушы факторы	30
1.3 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқаруда инновациялық технологияларды қолданудың дидактикалық шарттары.....	50
2 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқаруда инновациялық технологияларды пайдалану әдістемесі.....	63
2.1 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқаруда инновациялық технологияларды пайдаланудың мазмұны	63
2.2 Педагогикалық процесті басқаруда мултимедиялық технологияларды пайдалануды айқындау нәтижелері.....	80
Қорытынды.....	87
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	90
Қосымшалар.....	101

Анықтамалар

Басқару – тұтас педагогикалық процеске қатысушылардың қажет нәтижені алуға бағытталған, оның объективтік заңдылықтарын тану негізіндегі мақсатты саналы өзара іс-әрекеті.

«Менеджмент – басқарушының әлеуметтік мәнін, басқару мен менеджерліктің қоғамдағы орнын ерекшелендіріп көрсететін басқарудың жаңа философиясы»

«Технология» деген термин гректің түп тамыры *techné*-өнер, шеберлік, кәсіп және *logos*-ғылым, білім деген сөздерінен шыққан. Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе ілімді беретін сөзді құрайды, ол өндірістік процестері жүргізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы ретінде қарастырылады.

Жеке тұлғаға бағдарланған технологиялар - адамды қолдау, дамыту, онда өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеудің тетіктерін қалыптастыру. Мұндай технологияларға. Ынтымақтастық, сұхбаттастық, әрекетшілдік-сипатшылық әрекеті, білім алушының жеке дамуын қолдауға бағытталуы, оған дербес шешімдер мен ақпараттарды қабылдауға, шығармашылыққа, мұғаліммен өзара шығармашылық ынтымақтастығына қажетті кеңістік пен еркіндік беру сипаты тән.

Инновациялық технологиялар – бірыңғай мақсатпен біріккен және оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологияларды қамтыған, оқыту, тәрбиелеу және басқару түрлерінің, әдістері мен оқу құралдарының жиынтығы, оқытудың инновациялық технологиялары – нәтижесінде оқу процесіне деген ішкі себептің оң қатынасы анағұрлым жақсаратын, тұлғалық бағытталған, кіріктірілген, ұжымдық іс-әрекеттік, ақпараттық, қашықтықтық, дамытушылық, модульді дамытушылық және т.б. технологиялар жетекші орын алады.

Мультимедиялық технологиялар - әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін ақпараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын құралдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы

Нормативтік сілтемелер

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011- 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010. – 52 б.

«Қазақстан – 2030» Ұзақ мерзімді Стратегия

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 14.12.2012 <http://zholdau.kz/qazaqstan-2050-nazarbaev/>

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. 050303 – Құқық қорғау қызметі мамандығы. Ресми басылым. – Астана, 2006.

Кіріспе

Зерттеудің көкейкестілігі. Білім беру жүйесіндегі басқару қазіргі таңда «педагогикалық менеджмент» ұғымымен байланысты. Алайда, педагогикаға қатысты «басқару» ұғымының аясы кең әрі көлемді болып келеді, себебі «менеджмент» термині басынан басқарудың бір формасы ретінде, нақтырақ айтсақ, кәсіпкерлер корпорациясы немесе акционерлік компания арқылы әлеуметтік-экономикалық үдерістерді басқарудың бір формасы түрінде енгізілген.

Менеджмент ұғымы алғашқыда бизнес саласында пайда болғанымен, бүгінде Батыста тек фирманы, корпорацияны басқару ғана емес, оның қолдану аясы әлдеқайда кеңіген. Оның көптеген постулаттары мен теориялық позициялары кез-келген саладағы басқаруға, оның ішінде білім саласындағы басқаруға да қолданылады.

Педагогикалық менеджментті қазіргі Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде тәжірибесіне енгізу бүгінгі таңдағы қазақстандық білім жүйесінің реформалану жағдайында, білім жүйесін демократияландыру негізінде білім беру мекемелері бірүлгіліктен арылып, халыққа көп нұсқалы білім қызметін ұсынып, инновациялық үдерістерге қатысып жатқанда басқаруды лайықты түрде жүзеге асыру қажеттілігінен туындап отыр. Алайда басқару объектісінің – Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемесінің мұндай өзгерісі – басқару субъектісінің де өзгеруін қажет етеді.

Педагогикалық процесті басқарудың түбегейлі жаңғыртылуы басшылар әрекетінің де жаңаруын да талап етеді. Мектептің пайда бола бастаған құқықтары мен дербестендірілген, бәсекеге қабілетті саясат жүргізе білу қажеттілігі жасалған таңдау үшін жауапкершіліктің жоғарылауына да тікелей байланысты.

Білім беруді басқарудың көпдеңгейлі жүйесінде басты роль ойнай отырып және әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық өзгерістер мен жаңартулардың қақ ортасында бола отырып, мектеп басшылары педагогтардың еңбегін үйлестіреді, бағыттайды, әрекетке талпындырып, оларды ынталандырып отырады.

Бүгінде білім беру немесе басқа да кез-келген білім мекемесін тек өткен жолға қарап, өткен тәжірибеге немесе жеке тәжірибеге сүйеніп басқару мүмкін емес. Бұл жолда әлеуметтік басқару теориясы саласынан терең білім мен педагогика және психология ғылымдарының озық жетістіктерін ұтымды пайдалана білу керек.

Еліміздің «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында ең негізгілерінің бірі – жоғары интеллектуалды жастарды жан-жақтылыққа тәрбиелеу, олардың әлеуметтік деңгейінің көтерілуіне үлес қосу. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді ұғындырудың бір жолы- жаңа технология негіздері болып табылады. Сонымен бірге өскелең ұрпақтың ақпарат құралдарымен жұмыстана білуіне назар аударған жөн [1].

Педагогикалық жұмыстың өзіндік ерекшелігі, оның шығармашылық сипаты озық тәжірибе құруға ерекше назар салуды талап ете отырып, басқарудағы бұйрық беру мен құрғақ әкімшілікпен әуестенуге жол бермейді. Білім беру мекемесін тиімді басқарудың негізгі шарты – педагогикалық ұжымның бастамасына сүйену, олардың шығармашылық ізденістерін жан-жақты қолдау және ынталандыру.

Білім беру мекемелерін басқарудың негізгі міндеті басқарылып отырған ұжымда белгіленген мақсатқа табысты қол жеткізуді қамтамасыз ететін тиімді өзара байланыс пен қарым-қатынасты ұйымдастыру болып табылады. Педагогикалық процесс қоғамдық құбылыстардың ішіндегі ең күрделісі болып табылады. Ғылым мен техниканың дамуы, әлемдік бәсекелестік, экологиялық қиындықтар, т.с.с. факторлар осы заман талабына сәйкес келетін зангер мамандар дайындау, қоғам мүшелерін тәрбиелеу бағытында келелі проблемалар қойып отыр. Мұндай жағдайда педагогиканың негізгі принциптері жаңа ғылыми жетістіктермен толықтырылып отырылуы қажет.

Қазіргі кезде ең күрделі жүйе болып табылатын ашық жүйе туралы біраз заңдылықтар тағайындалды. Бұл жаңалықтар ғылымның әр саласында тағайындалды. Орнықты, үнемі даму процесіндегі ашық жүйенің негізгі күйі өзқауым күйі.

Осылайша дегеніміз, қазіргі жағдайда педагогикалық процесін басқару үдерісін дидактикалық тұрғыдан негіздеу. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында әлемдік стандартқа сәйкес келетін электрондық оқыту жүйесін жасақтау қажеттілігі басымдық ретінде айқындалған [2].

Бүгінгі күні республикамызда білім берудің негізгі мақсаты – педагогикалық процесті басқару негізінде білім сапасын арттыруда. Осы орайда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқарудың әдістемесін жетілдіруде, педагогика ғылымының алатын орны ерекше.

Педагогика – адамды оқыту және тәрбиелеу мақсатына бағытталған ғылым, ол әрдайым қоғамның дамуымен үндес. Қазіргі қоғам негізгі қасиеттері бойынша ашық (тұйықталмаған) болып келетін күрделі динамикалық – информациялық жүйені құрайды. Ашық жүйе қоршаған ортамен затпен, энергиямен алмасуымен қатар информациямен алмасады.

Әлеуметтік жүйелердің табиғи жүйелерден негізгі айырмашылығы әлеуметтік жүйелер таза информациялық жүйе болып табылады, яғни олар информация алмасуынсыз өмір сүре алмайды.

Педагогикалық процесс күрделі әлеуметтік жүйелердің эволюциясы секілді өзқауым процесінің барлық қасиеттеріне ие. Педагогикалық жүйенің әрбір элементі ашық информациялы ішкі жүйелерді құрайды. Сондықтан да қазіргі педагогикада күрделі объектілерді танудың және басқарудың ғылыми әдістерін қолдануға болады.

Бұның маңыздылығы күрделі педагогикалық процестерді алдын ала болжау (диагностика, прогностика), басқару үшін олардың себептері мен механизмдерін толық жете талдауға мүмкіндік беруінде.

Қазіргі уақытта болашақ заңгерлерді кәсіби қызметіне даярлау мәселесі көптеген ғалымдар зерттеулерінде А.В. Баширов, К.М. Бейсебаев, Р.Т. Завотпаев Э.П. Ким, Т.А. Ким, И.В. Кондратьев, Ж.З. Қосыбаев, Е.А. Лобынцева, Н.Ә. Мыңжанов, Р.Д. Оқашев, Қ.Ф. Төленғұтов, С.С. Түркенова, Л.Д. Столяренко және т.б. әр қырынан қарастырған.

Жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды кәсіби даярлау мәселелерінің кешенін Қ.Ж. Аганина, Қ.М. Арынғазин, Ш.Ә. Әбдраман, Б.А. Әбдікәрімұлы, Т.Р. Әбдрахманова, Е.И. Бурдина, К.М. Гуревич, С.Т. Каргин, Г.М. Кертәева, С.З. Қоқанбаев, Н.В. Кузьмина, А.А. Қалыбекова, Ж.Ж. Наурызбай, Г.К. Нұрғалиева, Ә.Ә. Усманов, Н.Д. Хмель, Л.А. Шкутина және т.б. ғалымдар қарастырған.

Қазіргі кезеңде кәсіби білім берудің теориялық және технологиялық негіздері көптеген ғалымдардың еңбектерінде зерттелді С.И. Архангельский, Г. Әбілқасымова, Б.М. Бим-Бад, Ж.А. Қараев, В.В. Краевский, А.П. Сейтешев, М.И. Старов, Ш. Таубаева, Е.Н. Шиянов және басқалары.

Біздің мысалымызда, «Білім берудегі менеджмент» және «басқару теориясы» (ғылым) деген ұғымдарының ара жігін ажырата білуі керек.

Басқару теориясы басқару практикасында объективті заңдарды саналы пайдаланудың формаларын зерттеумен шектеле алмайды, бірақ ол ең алдымен бір тұтас нәрсе ретінде басқару заңдарын және басқарудың барлық бөліктерін тұтас етіп (белгілі жүйеге) интеграциялау заңдарын тұжырымдауға тиіс.

Басқару теориясы екі бөліктен тұрса да, ғылым ретінде біртұтас. Олардың біреуі қисынды талдау негізінде өндірісті басқарудың жалпы заңдары мен қағидаларын зерттейді, ал сөздің тар мағынасында алғанда ол басшылық теориясы деп аталады.

Екінші бөлігі басқару өнері деп аталады. Ол нақты тәжірибе негізінен алынған тәжірибелік қорытындылар арқылы басшылардың белгілі бір категориялары үшін басқару үлгілерінің жүйеге келтірілген жиынтығын қалптастырып, сол арқылы басқару теориясын байыта түседі.

Басқару қатынастары мынандай ұйымдастырушылық түрлерге бөлінеді: біріншіден басқарушы және басқарылушы жүйелер арасындағы, яғни тікелей басқару субъектісі мен тікелей өндіру объектісі арасындағы қатынастарға, екіншіден басқарылушы жүйенің өз ішінде де басқару қатынастары болады:

а) басқару сатылары арасында басқару аппаратының арасындағы қатынастар (тік байланыстар);

ә) әрбір сатыны басқару буындарының арасында.

б) басқарушы жүйенің әртүрлі сатыларындағы аттас функционалдық басқару буындары арасындағы қатнастар: мысалы министрліктің оспар-экономикалық бөлімі арасындағы қатынастар және т.б.

Үшіншіден, басшылар мен әрбір басқару бұнындағы бағыныштылар арасындағы қатынастар (субординация қатынастары).

Төртіншіден, басшылар арасындағы және бағыныштылар арасындағы қатынастар (координация қатынастары).

Талдау мен зерделеу нәтижесінде, біз педагогикалық процесті басқаруды, осы процестің ұстанымдардың, әдістердің, ұйымдастырылған формалардың, білім беру технологиялары кешендерінің қызметін көтеруге және дамытуға бағытталған педагогикалық іс-әрекет деп тұжырымдаймыз.

Осының негізінде, біз тақырыбымызды «Қазақстан республикасы ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқарудың әдістемесі» деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқарудың әдістемесін ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Зерттеудің нысаны: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесс.

Зерттеудің пәні: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде болашақ мамандардың танымдық әрекеттерін басқару.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Егерде болашақ мамандарды даярлауда педагогикалық процесті басқарудың әдістемесі ғылыми тұрғыдан негізделіп, басқарудың формалары, принциптері мен әдістері қолданса, онда педагогикалық процесті басқару мазмұнының тиімділігі арта түседі.

Зерттеудің міндеттері:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқарудың мәні мен мазмұны анықтау.

2. Болашақ мамандарды даярлауда педагогикалық процесті басқарудың формалары, принциптері мен әдістерін айқындау.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқарудың мазмұнын таңдау.

4. Педагогикалық процесті басқаруда инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігін дәлелдеу.

5. Тәжірибелік-педагогикалық жұмыстардың нәтижелерін растау.

Зерттеудің жетекші идеясы: басқару - өте ежелгі тәжірибе болып табылады. Адамдар топтар мен ұйымдарға бірігіп өмір сүре бастаған кезден басқару қажеттілігі пайда болады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі - ғылымдағы басқару теориясы, педагогикалық менеджмент тұжырымдамасы, құндылық бағдарлар теориясы, жоғары білім беру дидактикасының жетістіктері, жоғары мектепте оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі, білім беруді технологияландыру және ақпараттандыру тұжырымдамасы.

Зерттеу көздері: зерттеу проблемасы бойынша философтардың, психологтардың, педагогтардың, әдіскерлердің еңбектері; Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңы, білім беру және ішкі істер саласындағы

ресми нормативтік құжаттар; болашақ заңгерлерді даярлаудың мемлекеттік стандарты; оқу құралдары; мұғалімдердің озат іс-тәжірбиесі.

Зерттеу әдістері:

- философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік зерттеулерді оқып-үйрену және талдау;
- алдыңғы қатарлы педагогикалық іс-тәжірибені оқып-үйрену және талдау;
- моделдеу, бақылау;
- болашақ заңгерлер іс-әрекетінің өнімдерін оқып-үйрену және талдау;
- педагогикалық эксперимент;
- нәтижелерді статистикалық және математикалық тұрғыдан өңдеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқарудың мәні мен мазмұны анықталды.

2. Болашақ мамандарды даярлауда педагогикалық процесті басқарудың формалары, принциптері мен әдістері айқындалды.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқарудың мазмұны қалыптастырылды.

4. Педагогикалық процесті басқаруда инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігін негізделді.

5. Тәжірибелік-педагогикалық жұмыстардың нәтижелері ғылыми тұрғыдан расталды.

Зерттеудің тәжірибелік маңызы: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқарудың мазмұны қалыптастырылды және болашақ заңгерлерді даярлау процесін басқаруда инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі негізделді. Зерттеу барысында қол жеткен нәтижелерді болашақ заңгерлерді даярлау үдерісінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылған қағидалар:

1. Болашақ мамандарды даярлауда педагогикалық процесті басқарудың формалары, принциптері мен әдістері.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқарудың мазмұны.

3. Педагогикалық процесті басқаруда инновациялық технологиялары.

4. Тәжірибелік-педагогикалық жұмыстардың нәтижелері.

Диссертация құрылымы: диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

1 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім мекемелерінде педагогикалық процесті басқарудың теориялық негіздері

1.1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім мекемелерінде педагогикалық процесті басқарудың мәні мен мазмұны

Заманауи жоғары оқу орны, күрделі әлеуметтік жүйе ретінде білім беру мекемесін басқарудың объектісі болып табылады. Басқару – тұтас педагогикалық процеске қатысушылардың қажет нәтижені алуға бағытталған, оның объективтік заңдылықтарын тану негізіндегі мақсатты саналы өзара іс-әрекеті. Процеске қатысушылардың өзара іс-әрекеті кезекпен, өзара байланысқан әрекеттердің немесе функциялардың (педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу) тізбегі ретінде құралады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде бақылау туралы дәстүрлі түсінік басқару субъектісінің объектіге мақсатты әсер етуі ретінде қалыптасқан. Кейінгі уақытта әсер ету философиясының орнына өзара әсер ету, өзара әрекет, ынтымақтастық философиясы келді.

Педагогикалық менеджмент теориясы оны толықтыра түседі. Ю.А.Конаржевский «Менеджмент – басқарушының әлеуметтік мәнін, басқару мен менеджерліктің қоғамдағы орнын ерекшелендіріп көрсететін басқарудың жаңа философиясы» деп тұжырымдайды [3].

Қазіргі жүйе дамуының негізгі ерекшелігінің бірі – білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудан мемлекеттік-қоғамдық басқаруға өту. Оның негізгі идеясы – білім проблемаларын шешуде мемлекет пен қоғамның күшін біріктіру, мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға оқу процесінің мазмұнын, ұйымдастыру формалары мен әдістерін, мектеп типтерін таңдауда еркіндік беру. Білім жүйесінің мемлекеттік сипаты ҚР Конституциясы мен „Білім туралы“ Заңында көрсетілген білім саласындағы бірегей мемлекеттік саясаттан көрінеді. Ол мына принциптердің жиынтығы арқылы бекітілген:

- білімнің жалпыға бірдей қолжетімділігі;
- білімнің зайырлық сипаты;
- білімнің гуманистік сипаты, жалпы адамзаттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, тұлғаның еркін дамуының басымдығы;
- ұлттық, мәдени және білім кеңістіктерінің бірлігі.
- білім жүйесін басқарудың демократиялық, мемлекеттік-қоғамдық сипаты.

Білім беру жүйесін басқару органдары сол сияқты мемлекеттік білім стандарттарын құрып, оның сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

Басқару жүйесінің қоғамдық сипаты мемлекеттік органдармен қатар құрамына ата-аналар, мұғалімдер, оқушылар өкілдері кіретін түрлі деңгейдегі

қоғамдық органдардың жұмыс істеуінен байқалады. Олардың басқару процесіне қатысуы мектеп ұжымында жағымды психологиялық климат пен шығармашылық жағдай туғызуға себеп болады.

«Принцип – бұл педагогикалық концепцияның қызметтер категориясындағы анықтамасы, бұл танылған заңдар мен заңдылықтардың діснамалық көрінісі; оқытудың мақсаты, мәнісі, мазмұны турасындағы, оқыту құрылымы турасындағы білім, оны практиканың реттеушілік нормалары ретінде пайдалануға болады» [4, б.67].

Педагогикалық жүйелерді басқару теориясы мен практикасында бірқатар төмендегі негізгі принциптер бөліп көрсетіледі:

1) Педагогикалық жүйелерді басқаруды демократияландыру және ізгілендіру. Ол ең алдымен жариялылық, мектепті басқарудағы жариялылық ақпараттың ашықтығы мен қолжетімдігіне байланысты. Әкімшіліктің жүйелі есеп беруі, мұғалімдердің, оқушылардың шешім қабылдауға қатысуы демократияландырудың көріністері болып табылады.

Субъект-субъектілік қатынастардың қалыптасуы, монлогтан диалогқа өту – педагогикалық процесті ізгілендірудің нақты формалары болып табылады. Басқаруды ізгілендіру – бұл тұлғаға бағытталу, адамның адамгершілік сапаын құрметтеу және оған сенім білдіру.

2) Басқарудағы жүйелілік пен тұтастық. Мектепті басқарудағы жүйелілік әдіснамасы басқарушыға мектепті жүйе ретінде, оның негізгі белгілерін терең білуге итермелейді. „Жүйе“ түсінігі тұтастық, оның жекелеген бөліктерін немесе компоненттерін жіктеу мүмкіндігі туралы ұғым береді. Интегративтік қасиеттердің тұрақтылығы жүйенің тұтастығымен анықталады.

Басқарудағы жүйелілік пен тұтастық сонымен бірге басқарушы мен педагогикалық ұжым іс-әрекетіндегі басқарушылық функциялардың өзара байланысы мен өзара әрекетін білдіреді. Бұл принцип басқару іс-әрекетінің тізбекті, логикалық құрылымды, өзара пайдалы және оның барлық функцияларының тең дәрежеде маңызды екенін көрсетеді.

3) Орталықтандыру мен орталықсыздандырудың тиімді үйлесуі. Мектеп пен педагогика тарихы шектен тыс орталықтандырудың басқаруды әкімшілдікке ұрындыратынын айқын көрсетті. Ол төмен сатыдағылардың инициативасын іске асыруды шектейді, олар (төмен сатыдағы басшылар, мұғалімдер, оқушылар) өздерінің қатысуынсыз қабылданған шешімдердің орындаушысы болып қалады.

Сол сияқты біржақты жүргізілген орталықсыздандыру да педагогикалық жүйе қызметінің тиімділігін төмендетеді, басқарудың және басшының ролін төмендетіп, оның талдау және бақылау функцияларын жоғалтуға алып келеді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, „демократия ойыны“ ұжымның іс-әрекетінде тоқыраулар тудырып, онда түсінбеушіліктер мен қақтығыстар пайда болады, әкімшілік және қоғамдық органдардың қарсы тұруын туындатады.

Сондықтан тек орталықтандыру мен орталықсыздандырудың үйлесуі ғана әкімшілік пен басқа органдардың ұжым мүддесіне сәйкес қызмет етуін қамтамасыз етеді, басқару шешімдерін жоғары кәсіби деңгейде талқылау мен

қабылдауға жағдай туғызады, қайталауды болдырмайды және жүйенің құрылымдық бөліктерінің үйлесімділігін көтереді.

4) Басқарудағы бір бастаулық (единоначалие) пен коллегиалдықтың бірлігі принципі. Бұл принципті іске асыру тұтас педагогикалық процесті басқаруда субъективтілікті, авторитаризмді болдырмауға бағытталған. Басқару іс-әрекетінде әріптестердің тәжірибесі мен біліміне сүйену, оларды шешімдер даярлау мен талқылауға бағыттау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, оларды талдау және қажетті шешім қабылдау өте маңызды. Коллегиалдық сонымен бірге ұжымның әр мүшесінің тапсырылған іске жауапкершілігін жоққа шығармайды.

Басқарудағы бір бастаулық (единоначалие) тәртіпті, педпроцеске қатысушылардың міндеттерін нақты бөлуді қамтамасыз етеді. Егер коллегиалдық шешімді даярлау және талқылау, қабылдау сатысында басымдыққа ие болатын болса, онда бір бастаулық оны жүзеге асыруда өте қажет.

5) Білім беру жүйелерін басқарудағы ақпараттың объективтілігі мен толықтығы принципі. Педагогикалық жүйелерді басқарудың тиімділігі көп жағдайда нақты, шыншыл және қажетті ақпараттың болуымен анықталады. Ақпараттың объективтілігі мен толықтығы дәлсіздікке, таңдаудағы, талдаудағы және қорытудағы үстіріттікке қарсы тұрады. Дегенмен, ақпараттың көптігі және ретсіздігі оның мүлде жоқтығы тәрізді шешімдер қабылдауда қиындық келтіреді.

Ақпараттық мәліметтер банктерін, оларды оперативті пайдалану технологияларын құру басқару еңбегінің ғылыми ұйымдастырылуының деңгейін көтереді.

Осыған байланысты, танымдық әрекетті басқару проблемаларын шешуде анағұрлым өнімді тұрғыдан алып қарағанда, Е.В. Яковлев ұсынған [5] білім беру саласындағы басқару принциптерінің жүйесі тиімді болып көрінеді:

- 1) ғылымилық принципі;
- 2) перспективалылық принципі;
- 3) партисипативті басқару принципі;
- 4) оперативтілік принципі;
- 5) жағымды эмоционалдық фон орнату мен басқару қызметінің шығармашылық сипатына сай түрткі қалыптастыру;
- 6) тура және кері байланыстың үйлесуі принципі;
- 7) циклділік принципі;
- 8) тұрақтылық принципі;
- 9) адаптивтілік (бейімділік, икемділік) принципі.

Тұтас педагогикалық процесті басқарудың бір функциясы – педагогикалық талдау (анализ). Ол ерекше орын алады: кез келген цикл талдаудан басталып, талдаумен аяқталады. Оның бірнеше түрі бар (Ю.А.Конаржевский, Т.И.Шамова): параметрлік талдау (білім процесісінің барысы мен нәтижелері туралы күнделікті ақпараттарды зерттеуге, оны бұзатын себептерді анықтауға бағытталған), тақырыптық талдау (педагогикалық процестегі тұрақты,

қайталанатын тәуелділіктерді, тенденцияларды қарастыру), қорытынды талдау (кең уақыттық, кеңістіктік және мазмұндық шектерді қамтиды, тоқсан, оқу жылының аяғында жүргізіледі).

Басқарудың келесі функциясы – мақсат қою және жоспарлау. Кез келген педагогикалық жүйені басқару процесі мақсатсыз және жоспарлаусыз жүзеге асырылмайды. Оны жетілдіру педагогикалық жүйенің үздіксіз даму қажеттігіне байланысты.

Басқару іс-әрекетінің мақсаты – жұмыстың жалпы бағытын, мазмұнын, формалары мен әдістерін анықтайтын бастау. Жоспарлау педагогикалық талдау негізінде мақсатқа байланысты шеімдер қабылдау ретінде қызмет етеді, ол перспектикалық (бес жылға), жылдық (оқу жылына арналған), ағымдағы (тоқсандық) түрде болуы мүмкін. Олар бір-бірінен шығады.

Басқарудың жалпы әдісі іс-әрекеттің мақсатын және бағдарламасын жүзеге асыратын, оның іс-әрекетінің тәртібін реттейтін, жүйенің белгілі құрылымын сақтауын қамтамасыз ететін, ұйымдасқан жүйенің элементі болып табылады. Соңғы жылдары «менеджмент» термині жиі қолданылып келеді, ағылшын тілінен аударғанда «басқару» дегенді білдіреді. Теория мен практикада басқарудың мынандай түрлерін бөліп көрсетеді: іс-әрекеттің жағдайын талдау, жоспарлау, ұйымдастыру әрекеті, ынталандыру, шешімді орындалу процесін бақылау және реттеу әрекеттің қорытындысынан шығады.

Тиімді де нәтижелі басқару үшін аталған қызметтердің барлығының үйлесімді өз ара әрекеттестігін қамтамасыз ету қажет, олардың біреуін орындамау тұтастай ұжым іс-әрекетінің нәтижелеріне әсер етеді. Барлық басқару қызметтерінің үйлесімді өз ара байланысы жоспарлауға негізделеді. Жоспарлау (іс-әрекет жоспарын құру) дегеніміз іс-әрекеттің негізгі түрлері мен тұтас іс-әрекеттің тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды анықтау. Тиімді жоспарлау дегеніміз:

- жұмыс жай-күйін жан-жақты және мақсатты есепке алу және іс-әрекеттің қол жеткізген нәтижелеріне объективті баға беру;
- алдағы уақыттағы іс-әрекеттің негізгі мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- алға қойылған міндеттерді шешетін тиімді жолдар мен тәсілдерді, құралдарды айқындау, оларды шешудің қолайлы жолдары мен құралдарын таңдау.

Бұлардың барлығы басқару жүйесіндегі істің жай-күйі туралы объективті ақпараттың болуын талап етеді. Ақпарат дегеніміз басқарылатын жүйенің жай-күйін сипаттайтын, сондай-ақ оны дамыту мен жақсарту үшін қолданылатын пайдалы мағлұматтар, деректер, мәліметтер жиынтығы.

Ақпараттың көлемі мен мазмұны жүйе іс-әрекетінің мақсатымен, негізгі бағыттары мен аумағымен анықталады. Бағытына қарай олар төмен және жоғары бағытталған ақпарат болып бөлінеді. Төмен бағытталған ақпараттар басқару субъектісінің басқарушылық іс-әрекетін көрсететін ақпараттар (нормативті, жоғары тұрған органдардың, соның ішінде білім беру органдарының ұйымдастырушылық-бұйрықтық құжаттары).

Жоғары бағытталған ақпарат басқарылатын жүйенің жай-күйін сипаттайды (есеп берулер, тексеру нәтижелері бойынша анықтамалар, мектеп ішіндегі күнделікті ақпарат). Басқару іс-әрекеті үшін ақпараттың екі түрі де өте маңызды. «Басқарудың нәтижелі болуы, негізінен, қажетті ақпараттың болуына, басқарушылық шешімдерді дер кезінде және сапалы түрде қабылдай алынуына және тұтас білім беру жүйесінің мониторының ұйымдастырылуына байланысты»

Үлкен Кеңес энциклопедиясында басқару «табиғаты әр түрлі (биологиялық, әлеуметтік, техникалық) ұйымдастырылған жүйелердің қызметі немесе функциясы, ол сол құрылымның сақталуын қамтамасыз етеді, іс-әрекет тәртібін, мақсаты мен бағдарламасының жүзеге асуын қолдайтын элемент» [8, б.33] ретінде анықталады. Ал әлеуметтік басқаруды қоғамға реттеушілік ықпал жасайтын, сапалары мен ерекшелігін сақтауға, дамыту мен кемелдендіруге ықпал жасаушы деп қарастырады [бұл да сонда].

Педагогикалық анықтама-сөздікте басқару ұғымына мынадай анықтама беріледі: «Эволюция процесі ерекшеліктерінің заңдылықтарын ұйымдастыру формасы материяның қозғалысында дамиды және жинақталған ақпарат пен оны іріктеу жолдарында, ұйымдастыра отырып, жетілдіру барысында объектіні басқара отырып сақтау қажет» [9, б.394].

«Басқару» терминін менеджмент теоретиктері Л.Б.Ительсон [10] мен М.Марков [11] объектінің субъектіге мақсатты түрде ықпал етуі мен оның нәтижесінде субъектінің өзгеруі деп түсіндіреді.

В.И. Каган, И.А. Сыченик мақсатты ықпалдардың нәтижелерін нақтылап, олардың объектінің белгілі критерийлерге сәйкес дамуына жетелейтінін көрсетеді» [12, б.138].

В.Г. Афанасьевтің айтуы бойынша басқару дегеніміз іс-әрекет және және операциялар, үнемі басқару циклінің жүйесі өзгеріп отырған сайын жаңарып отырады, міндетті түрде әлеуметтік жүйенің алдында тұрған басқарудың мақсаты орындалып, даму үстінде тұрады [13, б.11].

Кибернетикада басқаруды әдетте жоспарлы, параметрлердің өзгерістерінің белгілі бір бағдарламасына сәйкес жүзеге асатын процестер, негізгі сапа сақталатын ішкі және сыртқы жүйелерінің байланыстары мен өздігінен басқарылатын күрделі динамикалық жүйе элементтерінің өзгеруі деп түсіндіреді. [30].

Жоғарыда келтірілген тұжырымдарды қорытындылай келе, «басқару» ұғымының негізгі сипаттарын ажыратайық:

- 1) басқару дегеніміз мақсатты түрдегі іс-әрекет;
- 2) спецификалық функциялар бар басқарушы және басқарылушы ішкі жүйелердің болуы;
- 3) басқару объектісінің бір сапа күйінен екінші бір анағұрлым жоғары сапа күйіне ауысу қажеттігі.

Педагогикалық жүйелерді басқару теориясының қарқынды даму кезеңі ХХ ғасырдың 70-жылдарына сәйкес келеді. Кеңес дәуірінің зерттеушілері С.И.Архангельский, Ю.К.Бабанский, Е.И.Машбиц, П.И.Пидкасистый,

Н.Ф.Талызина, В.В. Богоявленский, А.В.Мудрик, Л.И.Рувинский, Е.В.Тонков, Н.Д.Хмель педагогика саласындағы басқарудың жалпы теориясының қолданылуы педагогикалық процестің табиғатын, заңдылықтары мен логикасын түбегейлі түсінуге негізделуі керектігін дәлелдейді.

Басқару проблемасы мұнан кейін тәрбие жұмысын басқаруға арналған еңбектерде өз жалғасын табады.

В.В.Богоявленский, жеке тұлғаның қалыптасуын басқарудың психологиялық негіздеріне талдау жасай келе, тұлға қасиеттерінің қалыптасуы мен дамуының бірнеше кезеңдерін атайды: 1) ынталандыру жеке қасиеттерді қалыптастыратын сыртқы ықпал ретінде; 2) түрткі ынта негізінде пайда болатын ішкі қозғаушы ретінде; 3) мінез-құлық формасын таңдау; 4) түрткінің пайда болуы мен әдеттердің орнығуы; 5) әдеттің тұлғалық қасиетке айналуы [14,б.23]. Мұнда автор бұл кезеңдер тұлғаны қалыптастыруды басқару кезеңдері ретінде қарастырылуы мүмкін екендігін ескереді.

Е.В.Тонков [15] перспективаның ролін тәрбие процесін оптималды басқарудың құралы деп қарастырады. Осымен байланысты, оқытушы дайындығының мақсаты, оның ойынша, міндеттер қатарына, белгілі бір ақыл-ой және физикалық қабілеттерді қажет ететін перспективаларға ажыратылады.

Бірқатар жұмыстарда тәрбиеленушілердің ұжым ішілік қарым-қатынастарын басқару мәселелері талданады (Зосимовский А.В., Куракин А.Т., Мудрик А.В., Новикова Л.И.). Бұл зерттеулерде тәрбиені басқару процесі жалпы, ұжымдық, топтық және индивидуалдық ықпалдардың күрделі жүйесі түрінде қарастырылады.

В.А. Слостенин басқаруды педагогтың кәсіби қызметімен байланыстырады. Ол педагогикалық міндеттердің әлеуметтік міндеттер болып табылатындығын дәлелдейді.

Дидактикада басқару проблемасы көп аспектілі және оқытудың әр түрлі теорияларында көрініс табады:

- дамыта оқыту;
- бағдарламаланған оқыту;
- оқытудың оңтайландыру;
- танымдық қызығушылықтың қалыптасуы;
- ойлау қызметінің кезеңдермен қалыптасуы;
- проблемалық оқыту.

Білім беруді басқару теориясында бірқатар ғалымдар басқаруды субъектінің объектіні бір күйден екінші күйге ауыстыру үшін мақсатты түрде жасайтын ықпалы деп көрсетеді (П.И. Третьяков); барлық субъектілердің қалыптасуды, стабилизацияны, оптималды қызметті және мектептің міндетті дамуын қамтамасыз ететін қызметі (М.М. Поташник); педагогикалық процесс пен жалпы алғандағы біртұтас басқарылатын жүйені дамыту, кемелдендіру, тиімділігі мен сапалы жұмысын қалыптастыруды қамтамасыз етуге бағытталған әкімшілік қызметі (Ю.А. Конаржевский).

Қазіргі кездегі А.П.Иванов [16], В.Ф. Лехтман [17], П.И.Щедровицкийдің педагогикалық зерттеулерінде [18] басқаруды оның басқарылатын жүйеге

жасайтын ықпалы деп түсіндіреді, ал ықпал жасаудың мақсаты – объектінің алдағы мақсаттарға жетуіне септігін тигізетін жоғары сапалы жаңа күйге ауысуына мүмкіндік беру.

Біздің ойымызша, анағұрлым толық мағлұмат беретін анықтама Е.В. Яковлев берген білім беру саласындағы «басқару»: «Басқару – жоспарлы, болжанатын және технологиялық жағынан қамтамасыз етілген процесс, ол басқарылатын жүйенің мақсатына қол жеткізуінде қажетті жаңа сапа күйіне ауысуына тиімді жағдайлар жасау үшін ықпал ету» [19].

Қарастырылып отырған ұғымның дефинициясын синтездей келе бірқатар маңызды әдіснамалық жайларды келтіреміз.

1. Басқару көп мақсатты және ішкі құрылымына қарай күрделі қызмет болып табылады.

2. Басқару өзінің табиғатына қарай интегративті, жүйелі процесс.

3. Басқару өзінің көп нұсқалылығымен ерекшеленеді және жүру барысындағы жағдайлардың өзгеруіне байланысты.

Берілген ережелер басқару процесінің мазмұндық мәнісін құрылымдық-функционалдық талдау жасау позициясынан сипаттауға және біздің зерттеуіміз үшін маңызды болып саналатын басқарудың құрылымдық бірліктерін бөліп алуға мүмкіндік береді: «басқару циклі», «басқару функциялары», «басқару әдістері».

Ғылыми әдебиеттерде басқару циклін бір уақытта немесе қандай да бір логикалық ретпен орындалатын, өзара әрекеттесуші басқару функцияларының біртұтас жүйесін жүзеге асыруда қайталанып отыратын процесс деп түсіндіреді.

Цикл басқарудың құрылымдық бірлігі болып табылады және басқару процесінің барлық сапалық сипаттарына ие.

А.А.Войтенко құрамына басқару шешімдері мен басқару әрекеттері енетін екі сатылы басқару схемасын ұсынады. З.Г.Газиев зерттеулерінде басқару циклінің екі жағы көрсетіледі:

А) басқару объектісіне қатысты – шешім қабылдау мен оның орындалуын бақылау;

Б) басқару субъектісіне қатысты – шешімді орындау мен оның орындалуы жайлы есеп беру.

Айта кететін нәрсе, басқару циклінің бөлек функцияларға ажыратылуы шартты болып табылады, себебі, функциялар тұтас түрде басқару қызметінің ерекше бір бөлігі, басқарудағы бөлінудің өнімі болып табылады, әрі олар өзара ажырамас байланыста болады.

Зерттеушілер басқару функцияларының саны мен мазмұны турасында әртүрлі көзқарастарды ұстанады.

В.А.Якунин [20] басқарудың негізгі функциялары ретінде мақсат, ақпарат, болжау, шешім қабылдау, оның орындалуын ұйымдастыру, бақылау мен бағалауды, түзету мен реттеуді атайды.

М.Марков [11], басқару ұғымына анықтама беруде негізінен ақпараттық тәсілді ұстанады, оның құрамында бес сатыны бөліп көрсетеді - мақсаттық

(проблеманы саналы түрде ұғыну), дескриптивтік (ақпарат жинау), прескриптивтік (ақпараттар трансформациясы), жүзеге асырушылық (орындау), ретроспективтік (анализ, топтау және алынған нәтижені бағалау).

Н.В.Кузьминаның [6] пікірінше, педагогикалық жүйелерді оптималды басқару ісі келесі функционалдык компоненттер есебінен қамтамасыз етіледі: гностикалық, жобалау, конструкциялау, ұйымдастырушылық және коммуникативтік.

Зерттеушілер В.А.Якунин, К.М.Дурай-Новакова [21,121] бастапқы жүйе құрушы фактор ретінде гностикалық компонентті көрсетеді, себебі ол педагогикалық жүйе жұмысының барлық аспектілері туралы ақпарат алумен байланысты. Бұл функция оқытушыдан өзінің қызметін санада қайта мағыналандыру қабілетін талап етеді, яғни оны жаңа элеуметтік-экономикалық негіздерде, ғылым мен мәдениеттің дамуына орай қайта құруды қажет етеді.

Н.В.Кузьмина жасаған педагогикалық жүйелерді басқарудың функциональдық моделін В.А.Якунин болжау, сондай-ақ шешім қабылдау сатыларымен толықтырады.

Педагогикалық басқарудың конструктивтік компонентін В.И.Гинецинский [21] төрт функцияның жүзеге асуы деп көрсетеді: презентативтік, интенсивтік, түзетуші және диагностика жасаушы.

Презентативтік функция оқушыларға оқу материалын таныстыруды көздейді. Интенсивтік функция оларды қандай да бір ақпаратты меңгеруге ынталандыруды түсіндіреді. Бұл функцияның жүзеге асуы сұрақтардың қойылуымен, жауаптарды бағалаумен байланысты т.б. Түзетушілік функция – оқушылардың өздерінің іс-әрекеттерінің нәтижелерін салыстыру функциясы. Диагностика жасау функциясы кері байланысты қамтамасыз етеді. Тіркеу мен бақылау жүйесінің болуын автор оқытушы әрекетінің қажетті элементі деп есептейді.

Г.Е.Алимухамбетова басқару қызметінің маңызды функциясы ретінде осы процесті ұйымдастыруды атайды және оны «процесс бағытының бағдарлануы, оның құрамында дамитын жүйе барлық элементтерді, байланыстарды бір тұтастық етіп жинақтайды және мазмұны жағынан қалыпты (мінсіз) күйге жетеді» деп түсіндіреді [22, с.37].

Оқытушы қызметінің құрылымында жоғарыда аталған функциялар педагогикалық шеберлік ретінде алынады және студенттердің оқу-танымдық әрекеттерін басқаруға негіз болады.

Ю.А.Конаржевский басқару функцияларының қатарына педагогикалық талдауды, басқару шешімін дайындауды, жоспарды (жоспарлау), ұйымдастыруды, бақылау мен реттеуді жатқызады [23].

Р.Х. Шакуров [24] басқару функцияларын ашуда олардың психологиялық құрамына көңіл аударады. Зерттеуші мақсаттық функцияларды ажыратады (өндірістік, элеуметтік), элеуметтік-психологиялық (педагогикалық ұжымды ұйымдастыру, оны белсенділендіру, бірігу, кемелдену, өзін-өзі басқаруды дамыту) және операциялық (жоспарлау, нұсқау беру, бақылау).

П.И. Третьяков [25] ақпараттық-аналитикалық(талдағыштық), түрткілік-мақсаттық, жоспарлық-болжалдық, ұйымдастырушылық-орындаушылық, бақылау-диагностикалық және реттеушілік-коррекциялық функциялардан құралатын басқару жүйесін ұсынады.

Бірақ, бұл жүйеде профессорлық – оқытушылық құрамның студенттердің оқу-танымдық әрекеттерінің деңгейін жоғарылату мақсатындағы белсенділендіру мен мобилизациялау функциялары көрсетілмейді. Бұл функция, біздіңше, студенттердің танымдық әрекеттерін басқаруға даярлықты көрсетеді.

Басқару функциясына анықтама берудің әртүрлі жолдарын қарастыра келе, негізінде П.И.Третьяков классификациясынан алшақтамаймыз, біз студенттердің танымдық әрекеттерін басқаруға даярлықты зерттеу проблемасының мазмұнына интерпретация жасауды ұсынамыз:

1) түрткілік-мақсаттық - болашақ маман тұлғасын жобалау мен оқытудың жалпы мақсаттарының анықталуын көздейді және студенттердің алдағы танымдық әрекеттерінің мақсаттарын нақтылайды;

2) ақпараттық-аналитикалық(талдағыштық) - студенттердің танымдық әрекеттерін басқарудың ақпараттық негізін құраушы болып табылатын болашақ мамандар даярлаудың мазмұны;

3) жоспарлық-болжамдық - студенттердің танымдық әрекеттерінің сапалық күйлерінің жақын арадағы және кейінгі өзгерістерін түсіндіреді;

4) ұйымдастырушылық-орындаушылық:

- студенттердің танымдық әрекеттеріне жеке және ұжыммен ықпал жасаудың оптимальды жолдарын таңдауға бағытталған педагогикалық шешімдер;

- МББС, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу құралдары мен нұсқауларды, қажетті материалдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, эстетикалық шарттарды жүзеге асыру;

- оқытушы мен студенттердің қарым-қатынасы мен өзара әрекеттестігі;

5) бақылау-диагностикалық - студенттердің танымдық әрекеттерінің нәтижелерін, нақты күйін бақылау мен бағалаудан, диагностика жасаудан тұрады;

6) реттеушілік-коррекциялық – студенттердің танымдық әрекеттерінде жағымсыз өзгерістер мен ауытқулардың болмауын көздейді;

7) мобилизациялық - оқытушылардың басқарушылық қызметін белсенділендіру мен ынталандыру.

Студенттердің танымдық әрекеттерін басқару проблемаларын зерттеуде жүйелі тәсілді қолдана отырып, оның құрамына басқарудың барлық аталған функциялары енеді деуге болады, ал оларды жүзеге асыру әдістері оқытушының студенттің танымдық әрекетін басқаруға даярлығын дәлелдейді.

Заңдылықтарды анықтау нақты шындықты жақсырақ түсінуге мүмкіндік беретіндігі белгілі.

Білім беру мекемелеріндегі басқару қызметі білім беру процесінің бөлігі болып табылады, сондықтан оған тұтас процестің заңдылықтары тән. Бұдан

басқа, оған өзіндік заңдылықтар да тән. Білім беру процесінің жалпы заңдылықтары бірқатар мақалаларда жарияланған. Олардың сипаттамаларына тоқталмастан, біз олардың студенттердің танымдық әрекеттерін басқаруды зерттеудің аспектілерін анағұрлым толық көрсететін кейбіреулеріне ғана баса назар аударамыз:

1. Мақсат, процесс пен нәтиже арасындағы тығыз байланыстың болуы әдетте білім беру процесінің жоғары тиімділігіне әкеледі.

2. Педагогикалық ықпал мен оқушылардың белсенді әрекеттері арасындағы байланыс жастардың жалпы және кәсіптік дамуына септігін тигізеді.

3. Оқушылардың өздіктерімен жұмыс істеу қабілеттері мен белсенділіктерінің даму дәрежесі педагогикалық жетекшілік стилімен, педагогикалық шеберліктің т.б. қалыптасу деңгейімен анықталады.

Басқаруды жүйе ретінде алғанда, оған тән заңдылықтарға жатқызылатындар: 1) білім беру мекемесін басқарудың бірлігі; 2) басқарудың орталықтандырылуы мен орталықтандырылудың болмауы; 3) басқарушы және басқарылушы жүйелердің сәйкестігі; 4) басқарудың жалпы функцияларының ақырғы нтижеге етер ықпалы [76].

Осы орайда біз, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде болашақ мамандардың танымдық іс-әрекеттерін басқарудың мазмұнын талдадық.

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде болашақ мамандардың шеберлік дайындық процесіне сай ЖОО мұғалімнің алдына біршама арнайы тапсырмалар қойылады, себебі өзінің болашақ маман ретінде ол шеберлік процессіне қажетті барлық қабілеттерді меңгеруі қажет, өз бойындағы білім, білік, дағдыларының барлығы өз жұмысында толығымен максималды түрде қолдана алуы қажет және жалпыға ортақ талаптардың барлығын меңгеруі қажет, яғни алып қарайтын болсақ Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқарудың жалпы қалыптасуы:

1) басқару объектісі ретінде білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін психологиялық–педагогикалық білімдер негізінде қалыптастыру;

2) білім алушылардың оқу – танымдық іс - әрекеттерді қолдана алу;

3) педагогикалық процестің субъектісі ретінде, жеке-тұлғалық шеберлік сапаларын мұғалімдер бойына қалыптастыру.

Осы қойылған талаптарды орындау арқылы жоғарғы оқу орнының болашақ маманы өз бойына басқару түрінің барлық жақтарын қабылдап алады және де алға қойылған барлық мәселелердің шешімдеріне психологиялық түрде әркезде де дайын болады. Бұл қасиеттердің бірі болып білім алушылардың оқу – танымдық іс - әрекетін басқару түрі саналады.

«Білім алушылардың оқу–танымдық іс-әрекетін басқару дайындығы» түсінігін толығымен ашу үшін педагог–психологтардың жеке жұмыстарына көп мән бердік сонымен қатар «даярлық» сөзінің мәнін ашуға тырыстық.

Психология өмірінде даярлық түсінігі мынаны білдіреді, яғни қай іс-

әрекеттің бірінші шешімінің толығымен орындалуы, осыған байланысты бірнеше кезеңдерді көрсетеді:

- мотивтер мен қажеттіліктер негізіне қойылған арнайы мақсаттар;
- алға қойылған іс-әрекеттердің кестесі, жоспар, жаңа модельдерді дайындау;
- дайын болған кезде іс-әрекеттер түрін жасап көрсету және оны сырттай бақылау.

М.И. Дьяченко и Л.А. Кандыбович, іс - әрекетке дайындық мәселесін зерттей отыра келесідей компоненттерді көрсетеді: мотивациялық, танымдық, ерік – жігерлік. Осы көрсетілген компоненттер ғалымардың айтуы бойынша оқу – танымдық іс - әрекеттерде кездесетін барлық мәселелерді шешуге көмегін тигізеді.

В.А.Сластенин дайындық іс - әрекет түрін былай анықтап көрсетеді: «Іс - әрекеттерге психикалық түрде дайын болудың өзіндік жағдай бар, яғни анықталған іс - әрекеттерінің құрылымының бейнесі мен оның орындалуына бағытталған күнделікті сана сезімнің жоғары болуы» [50, с.19].

Г.Е. Алимухамбетова мектеп балаларының танымдық іс - әрекеттерінің дайындығын мынандай жолмен анықтайды, «қадам (әрекет) сапа» ол жеке тұлғаның динамикалық мінездерін көрсетеді, білім , білік, дағды, қарым – қатынастарына қандайда бір шарттар қояды және оларды мақсатты түрде орындалуына ыңғай жасайды [22, с.38].

Н.Д. Хмель педагогикалық процесте басқару дайындығын былай анықтайды, «бұл бірқатар элементтерден тұратын, жеке тұлғаның шеберлік қажеттіліктері мен қатар білім, білік, дағдыларды анықтаудағы және арнайы білім берудегі өзіндік тәжірибенің өте қиын түрі» [51, с.63].

А.Н. Сулейменова тұлға бойындағы шығармашылық қабілеттерін дамыту процесіндегі талаптарға сай мектеп оқушыларына жеке түрде білім беру дайындығын интеграциялық түрде ала отырып, олардың білімдерімен дағдыларын кешенді түрде қарастырады және олар өз әрекеттерін жеке шеше алады деп атап көрсетеді.

О.В.Корягина, Н.Н.Рябухи диссертацияларында педагог мінездерінің интеграциялық дайындығы жайлы көрсетілген және сол арқылы қандайда бір шеберлік әрекеттерді талқылауға көмегі болатындығы жайлы атап өткен.

«Даярлық» түсінігіне талдау жасай отыра біз іс-әрекеттердің жан–жақты түрінің дайындық қортындысы мен болмыс мінездемелерін анықтай аламыз:

- жеке тұлғаның субъективті жағдайы;
- болатын іс - әрекеттердің шешіміне қойылған уставтар ;
- әрекеттер мен жеке басқа қойылған шеберлік талаптар;
- іс-әрекеттердің тиімді орындалуы.

Осы жоғарыда көрсетілген мінездемелерге сүйене отыра және ЖОО алынған тәжірибе арқылы мынандай қорытынды шығара аламыз, яғни мұғалімнің білім алушылардың оқу–танымдық басқару істеріне дайындығы ол шеберлік талаптарға қойылған бірден–бір шарт, студенттердің оқу–танымдық іс-әрекеттерінің тиімділігі жеке тұлғаның танымдық және мотивациялық

кабілеттерінің жоғарғы деңгейде екендігін көрсетеді.

Мұғалімге қойылған іс-әрекеттердің психикалық шешімін табу, жеке тұлғаның іс-әрекетпен ұштастыру элементі болып табылады және мұғалімнің білім алушылардың оқу–танымдық іс-әрекеттерін басқарудағы объектілік әрекет болып табылады.

Мұғалімнің білім алушылардың оқу–танымдық іс-әрекеттерін басқарудағы дайындығы поликомпоненттік және анологиялық құрылымға ие, (мазмұнды, мотивациялық, операциялық компоненттер).

Мұғалімнің білім алушылардың оқу – танымдық іс -әрекеттерін басқарудағы дайындығы операциялық компоненттер мазмұнына негізделген, тәжірибелік және жүйке жүйесінің әрекеттері, құқықтық жағдайлардағы басқару объектісіне бағытталады.

Мазмұнды компонент дайындығы жоғарғы білімнің барлық мазмұнын қарастырады, студенттердің оқу – танымдық іс - әрекеттерінің болмысы, олардың механизмдері және тәжірибелік және жүйке жүйесі негізіндегі әрекеттер болып саналады.

Білім алушылардың оқу–танымдық іс-әрекеттерін басқаруда мұғалімнің жеке-тұлғалық мінезіне мотивациялық компонент қарастырылған.

Болашақ жеке тұлғаның шығармашылық дамыту мақсатына жауап беретін бірден бір әрекет, ұйымның бірігуі, білім алушылардың қандайда бір іс - әрекеттеріндегі мұғалімнің басқару әрекетінің тиімділігі және оқу–танымдық қабілеттер. Жоғарғы оқу орындарындағы кәсіби немесе толығымен білім беру бағытының бірден бір жолы білім алушылардың алдағы әрекеттерінің объектілі түрді оқу–танымдық әрекеттермен ұштасып орындалуы болып келеді. Жоғарғы оқу орындарының мамандарын дайындау үшін ең алдымен оның білімі ЖОО білім мазмұнына сай болуы керек, арнайы пәндердің негіздерін қарастыра білгені, жөн сонымен қатар білім алушылардың оқу – танымдық іс - әрекеттерін басқара алуы қажет.

Арнайы, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік білім белсенділігі білім алушылардың танымдық процесіндегі басқару әрекетінің әдістемелік бағдарламасы болып табылады және мұғалімнің басқарудағы шешімдерді табуға көп кедергісін тигізеді:

□ мұғалімнің арнайы білімі ғылымның теориясын және әдістерімен оларды зерттеу объектілері мен шеберлік іс-әрекеттегі тәжірибелік білім ерекшеліктерін қарастырады;

□ педагогикалық білім ЖОО білім процесінің болмысын анықтайды, дидактикалық шарттар мен олардың қолданылуларын көрсетеді;

□ психологиялық білім білім алушылардың индивидуалдық және типологиялық жеке ерекшеліктері мен өзінің білімін қарастырады, оқу – танымдық іс - әрекеттегі шеберлік ерекшеліктерін көздейді;

□ мұғалімнің әдістемелік білім құрлысына өз пәнінің жеке әдіс – тәсілдерін білу қажеттілігі жатады, сонымен қатар оларды қолдана білу құндылықтары кіреді;

Педагогикалық дағдылар: ұйымдастырушылық, жобалаушылық,

гностикалық, құрастырушылық, коммуникативтілік болуы, мұғалімнің жан – жақты екендігін көрсетеді.

Басқару субъектісінің тәжірибелік әрекеті мен нақты ойлауы педагогикалық ұйымдастырудың басқару дағдысы болып саналады: талдау жобалау, жоспарлау, бақылау.

Мұғалімнің басқару әрекетіне жеке-тұлғалық ғылыми–педагогикалық бағыттылықтың айқын жолдары көрсетілген. Сол арқылы бағдарламаларды, жоспарларды, жаңа технологиялық әрекеттерді жасай алады, сонымен қатар ғылыми–педагогикалық әрекетке деген қызығушылық, олардың мақсаттарының нық екендігін көрсетеді, мотивтері мен ережелерін, мамандыққа деген ерік–жігерлерін және мамандықтың құндылықтарын құрметтеуге үйренеді.

Мұғалім басқару қызметтерін толығымен жүзеге асыруы үшін ең алдымен өзінің мамандығындағы әрекеттер объектілерін ғылыми жүйеге ендіруі қажет және білім алушылардың оқу – танымдық іс - әрекеттерінің басқару технологияларын білуі керек.

Осылайша ЖОО мұғалімнің білім алушылардың оқу – танымдық іс - әрекеттерін басқарудағы дайындығы, оқу – танымдық іс - әрекеттердің мақсатты түрде өзгеруіне қойылатын шарттар негізін жасап шығарудан басталады. білім алушылардың оқу – танымдық іс - әрекеттерін басқару объектісінің жағдайына ақпараттар көздерін жасайды және осыны негізге ала отыра басқарудың шешімдерін табады. Яғни осыларды ескере отыра ең негізгі жүк білім алушылардың қауымына беріледі, олардың өздерінің білім, білікке деген көзқарастарының жоғары деңгейде болулары қажет.

Біздің ойымызша мұғалімнің білім алушылардың оқу – танымдық іс - әрекеттерін басқару дайындығының ұтымды процессі ұйымдастырушылық – педагогикалық шарттарға сай келеді, сондықтанда заманауи ЖОО педагогикалық процестегі ерекшеліктерді ескерген жөн.

Сондықтанда мұғалімнің студентердің оқу – танымдық іс - әрекеттерін басқару дайындығы мен шеберлік спецификалық дайындығына міндетті түрде ғылыми ұйымдастырушылық – педагогикалық шарттарды негіздеу қажет.

В.И.Даль заманауи орыс тілінің сөздігінде шарттарды былай түсіндіреді, «бір нәрсеге бағыну немесе оны күту».

Ал философиялық сөздікте «шарт» түсінігін «бұл жағдайға басқа бір жағдай бағынқы» пайда болушы компонент зат және олардың бір – бірімен әрекеттері, сондықтанда жанағы заттан осындай процесс туындайды.

Философиялық энциклопедияда шарт түсінігі – философиялық категория. Заттың оны қоршаған ортамен тығыз байланысы, олсыз ол өмір сүре алмайды. Затты өзі бір бағынбайтын бейне ретінде, ал шартты өмірдің объективті көп түрлі көрінісі ретінде қарастырады. Басқа сөзбен айтқанда шарт, заттар бар жерде өмір сүріп дами алады. С.И.Ожеговтың сөздігінде «шарттар» термині келесідей бейнелерге ие;

- бір нәрсеге бағынатын жағдай;
- талаптар, екі жақтардың көзқарастарына сай ;

□ өмірдегі қандай да бір жағдайлар мен іс-әрекеттерге қойылатын ережелер;

□ бір нәрсе болатын немесе анықталатын орын;

□ қорытынды шығаратын талаптар.

С.С.Смирновтың редакциясы бойынша шығарылған «Педагогика» кітабында «шарттар» сөзі мынандай түсінік береді «іс - әрекеттің себебі, бағынатын жағдай»

М.М.Поташник педагогикалық процесстерінің негізінде мынандай шарттарды көрсетеді: ұйымдастырушылық – педагогикалық, мектептік – гигиеналық, эстетикалық, материалдық, мектеп пен отбасының біріккен іс - әрекеті.

Жоғарғы және орта мектептердегі педагогикалық процестегі кемелдену негізіндегі педагогикалық және ұйымдастырушылық – педагогикалық шарттарға қазақстандық зерттеушілер жан – жақты анықтамалар береді. «Шарттар» термині педагогикалық іс - әрекеттер негізінде жан – жақты кешенді түрдегі аспектілерді қарастырады.

Біздің зерттеуіміздегі ең негізгі қажетті әдістемелік сапаның бірі болып қандайда бір жүйенің мінездемесін анықтау үшін арнайы сүйенетін шарттар қажет. Педагогикалық шарттар негізінде компоненттер мінездемелерінің мазмұны анықтауға болады және ол педагогикалық іс - әрекет пен педагогикалық жүйенің анықтамасын береді.

Педагогикалық іс - әрекеттер шарттарға көптеген жан – жақты мінездемелер беруі мүмкін, егер компоненттер осы іс - әрекеттерге байланысты көп болса біздің зерттеуімізге байланысты ЖОО педагогикалық процестің компоненті болып мұғалімнің ЖОО дайындығының ұйымдастырушылық – педагогикалық шарттарына сай болуы, сонымен қатар білім алушылардың танымдық іс - әрекеттерін басқару дайындығындағы шеберлік деңгейдің жоғарлығы, арнайы нормаларға сайлығы, психологиялық және ұйымдастырушылық процесстердің шын мәнінде жүзеге асырылуы.

Біздің ойымызша мұғалімнің, студенттердің танымдық іс - әрекеттерінің басқару дайындығындағы тиімді көзқарастардың болуы, шет елдік филологиялық мамандарының дайындық ерекшеліктерін, ұйымдастырушылық–педагогикалық жүйемен тең келуінде.

1. Ұйымдастырушылық-нормативтік:

- ҚР БҒМ нормативтік құжаттарымен, мемлекеттік бағдарламаларға сай мамандарды дайындау мақсатындағы тапсырмалар: 2011-2020 жж кезеңдердегі Мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы., арнайы профилдер бойынша мамандарды дайындау құжаттардың оқу – әдістемелік нормалары: МББС, оқу жоспары, оқу бағдарламасы, ОӘК;

- МББС құрылысына сай мұғалімнің білім алушылардың оқу – танымдық іс - әрекеттерін басқару моделінің дайындығы;

- материалдық – техникалық жабдықтау және жаңа инновациялық технологиялармен шұғылдану;

- педагогтардың шеберлігін арттырудағы қажетті жұмыстар.

Заманауи талаптарға сай болашақ ЖОО мұғалімі ретінде бірқатар сапалы дайындықтарды қажет етеді, мысалы педагогикалық, арнайы - пән аралық шеберліктердің деңгейін жоғарлату. ЖОО мұғаліміне қойылатын негізі талаптардың бірі болып, болашақ мамандарды дайындауда олар қандайда бір болмасын болған жағдайлардың шешімдерін таба білуге үйрету, білікті, білімді, маман болып шығуларына көп көмектерін көрсетулері тиіс, өзгерген шарттарға тез арада бейімделінулері керек, профессионалдық мәселделердің шешімдерін тез арада таба білгендері жөн.

Осы іс - әрекеттердің сапалы түрлерінің бірі болып белсенділік саналады. Бірақта көп жағдайда мұғалімдер өздерінің қателіктерін мойындамайды, осындай немқұрайлықпен олар болашақ мамандарға кері әсерін тигізеді. Қазіргі таңдағы инновациялық технологиялар негізіндегі білім беру, көптеген критерилерді туындатып отыр, олардың себептері болып: оқу тапсырмаларын аз уақыт ішінде шешімін табу, оқу ақпараттарына экономикалық қарас, көпшілікке шығармашылық қабілеттерін артыруға көп мүмкіндік беру, білім негізіндегі өзіндік жұмыстарды ғылыми тұрғыда қарастыру.

Тәжірибе жүзінде ЖОО мұғалідеріне шебер маман болып шығатын бірқатар жолдарды атап көрсеткен: мұғалімнің оқуға деген ұйымдастырушылық қабілетінің жоғарлығы (семинар, дәріс, кәсіптік ойындар, тренинг, консультация). ЖОО мен кафедра қабырғасында: квалификацияны жоғарлатудағы арнайы курстар, арнайы және педагогикалық дайындықтардағы мұғалімнің өзіндік танымдық іс - әрекеттер жүйесін дамыту; ғылыми жұмыстарға қатысу, ЖОО, факультет, кафедра іс – шараларына қатысу.

2. Дидактикалық:

- жеке – бағыттаушы қадамдардың қалыптасуы. Көптеген зерттеушілердің тұжырымдары бойынша жоғарғы оқу орындарындағы оқу процессіндегі жеке тұлға бойындағы шығармашылық қабілеттерін артырудағы білім беру бағыты, білім алушылардың қызығушылықтарына, өзіндік бағаларына, өзіндік жеке жұмыстарға негізделе отырып қойылатын пәндерді дұрыс таңдай білу қажеттіліктеріне байланысты болып келеді деп атап көрсеткен. Білім, білік, дағдыларды болашақ мамандардың бойына жеке – бағыттаушы тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру жай ғана роль ойнамайды, себебі болашақ маманның өзіндік бағыт пен өзіндік ұйымдастырушылық қабілеттері бірінші орында тұрады. Ол өмір сүріп отырған қоғам ортасында осылардың барлығын ескере отыра, болашақ маманға қандайда бір қысым көрсетпейді немесе арнайы жасалынған құқықтар мен нормаларға жүгіндірмейді, ал керсінше өзінің индивидуалдық даму деңгейін ескере отырып қай маман иесі болуына мүмкіншілік жасайды;

- гармонизациялық мазмұн, болашақ шебер мамандарды дайындаудағы әдістер мен қалыптар. Барлығымызға белгілі жеке қабілеттерді дамытудағы ең бірден – бір әрекеттер мәдени – рухани дүниетанымдарын арттыру. Кешенділіктің жаңа кең ауқымды мазмұнын анықтай отыра, білімнің жаңа көздерін анықтау. Шебер мамандар концепциясының құрылымы мен оқу

мекемелері арасындағы жаңа концепцияларға сүйене отыра, қазіргі талаптарға сай жаңа оқу бағдарламалары жасалынулары қажет. Бірақта білімді өнерлік тұрғыда алуға болмайды.

Сонымен қоса білім мен білік, дағдылар мен белсенді қарым–қатынастарға түсу, барлық жағдайлардың алдын алатын мұғалімнің іс-әрекетінің құрылысы толық өзгертіп, бұрмаландырып отырады. Болашақ мамандардың білімге дайындығын көру үшін бірқатар қалыптардан орындауы қажет, мысалы индивидуальдық, екі адамдық, топтық, ұжымдық, сонымен қоса әдістер ұйымдастырушылық, бақылаушылық, стимулдық бағыттар.

Осы бағыттарға байланысты болашақ маманның ақпараттарды толық алуы арқылы, алға жылжу талпыныстары жоғары болуы керек, шығармашылық қабілеттері мен қатар оптималды, интерактивті, жан – жақты көз – қарастарын көрсету керек.

Жоғарғы оқу орындарының ең бірден – бір негізгі мәселелелерінің бірі болып, студенттердің оқу – танымдық іс - әрекеттерінен шеберлік іс - әрекеттерге көшуі болып саналады. Осы мәселенің ең бір тиімді жолы болып, студенттердің дайындық кездеріндегі қосалқы түрде танымдық және шеберлік қасиеттермен таныстыру, ол тек қана логикалық ойлауды дамытуға ғана емес сонымен қатар логикалық іс - әрекеттерді шешуге берілген. Контекстік білім жүйесінде қазіргі таңда ең негізгі үш әрекеттерді көруге болады: өзіндік оқу (дәріс, семинар), шеберлік (кәсіптік ойын), және оқу – шеберлік (ғылыми – зерттеушілік, кәсіптік тәжірибе, дипломдық жұмыс). Осы іс - әрекеттер қалыптарына жүгіне отыра, міндетті түрде кең ауқымды білімнің имитациялық және әлеуметтік әдістемелерін жасаған дұрыс.

Осындай әдістермен білім алушылар жұмыс жасай отыра өз білімдеріне қажетті талдаулар мен жинақтауларды, өз білімдерінің жалпы деңгейлерін, берілген тапсырмаларды жүйелей алуларын, жалпылай алумен қортынды жасай алуларын үйрене алатын еді.

Осылардың ішінде ең бір маңыздысы болып эмоционалдық және саналық факторларды қосу (интуитивтік шешім (insigt) инсайт – аяқ асты жағдай). Маңызды материалды әрбір студент толығымен түсініп жаттайтын болса, оның ойлау жүйесінде ол біразға дейін сақталып жаттанды түрде көрсетіледі.

Осы түсініктердің негізгі ойларының түсінігі кең ауқымда анықталады, яғни қиын түсініктерден есеппен табылған нақты шешімдерге дейін. Ол өз бойларында бар білім, білік, дағдылардың қаншалықты деңгейде екендігіне байланысты болып келеді.

- білім алушылардың танымдық іс - әрекеттерін басқарудағы дайындықтың негізгі формасы, ол білімдегі негізгі ақпараттық және мәселелік технологиялар мен бірігу технологиялардың жүзеге асуы. Шебер маманның алдына кездескен мәселелердің шешімін таба білу, білім мақсатындағы өзіндік шығармашылық ойлау қабілеттерінің жоғарлығын көрсетеді. Репродуктивті білім деңгейінде бұл мақсатты жүзеге асыру мүмкін емес, себебі тәжірибелік ақпараттардың негізінде білім деңгейі өте төмен болуы мүмкін емес. Сондықтанда болашақ мамандарға осы мәселеге көп көңіл бөлгендері жөн.

Білім алушылардың бойындағы шығармашылық технологиялар мен эвристикалық даму технологияларының деңгейлері бір сатыдан дамып отырады.

Қазіргі таңдағы білім көзіндегі инновациялық технологиялар, көптеген жаңа мүмкіншіліктерді жасап отыр, осылардың ең бір көзге түсетіндері интернет желістері мен мультимедиялық әдістер. Оқу процессіндегі білім алушылардың танымдық қабілеттері, олардың басқа білім салаларындағы оқу процесстерімен ұштаса кетулеріне байланысты.

Бағалы – бағыттар:

- білім алушылардың танымдық іс - әрекетеріндегі ерекше жағдайлары мен жеке тұлғалық бағалы бағыттардың құндылықтарын артыру үшін, олардың бойларына идеалды, көз – қарыстардың нық, өз позицияларының тереңдігі жоғары, танымдық процеске деген ұмтылыстары биік, өмірдегі әрбір әлеуметтік шиленістерге қарсы тұра латын адамдарды көрсете білген жөн;

- танымдық пен шеберлік мотивтерде жасалынған аяқасты жағдайлар жалпы табиғи танымдық көріністерді береді. Сонымен бірге олар әрбір жағдайларға кезіккен сайын өзіндік еркіндікті сезінетін болады, танымдық және шеберлік мазмұнды, динамикалық мінездемелер іс - әрекеттер негізінде орындалады.

Мотивтер дегеніміз әрбір іс - әрекеттердің қажеттіліктері болып саналады, әсіресе танымдық және шеберлік істер мен шеберлік – шығармашылық әрекеттерге сүйенеді. Оқу – танымдық және шеберлік іс - әрекеттер қажеттіліктердің арқасында дамып, өсіп отырады. Педагогикалық іс - әрекеттерге қалыптасқан мотивациялар, еңбек базары ішіндегі қарсылықтар шарттарына сәйкес сапалы шеберлік танымдардың дайындықтарына әркезде де дайын болуы қажет.

- оқу–танымдық іс-әрекеттер мен тәрбиелер жалпы педагогикалық және басқару мәдениетіндегі қалыптарға сай жасалынады. Жоғарғы оқу орынының бітіруші жеке тұлғаларының білімдері, жалпы гуманитарлық және білімділік дайындықтарының талаптарына негізденулері қажет. Жоғарғы оқу орынының түлегі, болашақта қай мекемеде жұмыс істемесің сол жердің мәдени – рухани дүниетанымын артыруы қажет, өзінің бойындағы жоғарғы деңгейдегі қабілеттерін сыртқа шығаруы тиіс, осыған орай студенттің өн бойында қай бір жұмыс болмасын алып кететін ұйымдастырушылық деңгейінің жоғарлығы көрініп тұрғаны жөн. Танымдық іс - әрекеттер негізінде студенттің бейімделу процесі басым жүреді, себебі төрт жыл бойғы бойындағы университет қабырғасындағы барлық қылықтары сақталып қалады, сондықтанда басқа мекемелерге арнайы маман болып барған кезде, ол мекеменің жаңа мәдени ортасына сіңіп кетуі қиындыққа түседі. Сондықтанда маман ретіндегі әрбір алда қойылға тапсырмалардың шешімдерін табуда мұқият болу тиіс.

Сонымен ұйымдастырушылық – нормалық, дидактикалық, бағалылық – бағыттылық шарттар, жоғарғы оқу орын мұғалімінің ұйымдастырушылық – педагогикалық дайындығы мен жүйелі түрде өте тығыз байланыста.

Жоғарғы оқу орындағы білім бағыттарының талаптарын нығайту үшін мамандардың жеке бастарының шығармашылық қабілеттерін артыру қажет, ол үшін университет қабырғасында алатын білімдерінің пәндері сай болуға тиесілі, сол пәндер арқылы әрбір білім алушы өзіндік баға, өзіндік кемшіліктерді жою, білімге деген жаңа қызығушылықтарды артыру сияқты көптеген жан – жақты қабілеттерге ие болады. Осыдан кейін міндетті түрде біз білім алушылардың анымдық іс-әрекеттерін басқару түрі, жеке – бағыттылық білім негізінде жүзеге асуы керек.

Жеке – бағыттылық білім болашақ маманның тек қана шеберлік білімін арттырып қана қоймай, сонымен қоса бойындағы білік, дағдыны, өзіндік ұйымдастыру мен өзіндік реализация механизмдерін, танымдық қабілеттерін дамытумен байланысты болып келеді. Осы аралықта қоғам ортасы оның іс - әрекеттеріне арнайы жасалынған құқықтық нормаларға жүгінуге бағыт қоймайды, қайта керсінше өзінің бойындағы индивидуалдық қасиеттерін арттыру үшін өз жағдайларын жасауға толығымен рұқсат береді.

Тәжірибе барысы қазіргі таңда мынаны көрсетеді, яғни жоғарғы оқу орынының әрбір мұғалімінің студенттердің танымдық іс - әрекеттерін басқарудағы қадамдардың бірі болып жеке – бағыттылық танымдық әрекеттерін арттыру арқылы олардың бойларына көптеген жан – жақты мәлеметтер беруге болатындығын айтады. Бірақ көптеген мұғалімдер шеберлік білімнің спецификалық мақсаттарын ескермей, орта мектептердегі жүретін дидактикалық мақсаттар мен жұмыс жасайды. Ал кейбіреулері жеке – бағыттылық білімдерін білім алушылардың реализациялық есептер принциптері ретінде ғана көреді.

Л.А. Шкутина шындыққа жүгіне отыра мынаны айтады: «Шеберлік білімдегі жеке – бағыттылық технологияларын бекіту инновациялық процесстегі педагогтың дайындығына байланысты болып келеді» [53, с.106].

Осыдан жоғарғы оқу орынының мұғалімінің біліміндегі мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдіс – тәсілдері мен принциптерін арнайы жұмыстарға сай жүргізілуі үшін жеке – бағыттылық технологияларға сүйену қажеттілігі туындайды. Негізінен бұл жұмыс бір жақты ғана болмай іс - әрекетке тікелей қатысатын екі субъектінің де жұмысы болып табылуы қажет, яғни мұғалім мен студенттің.

білім алушылардың танымдық іс - әрекеттерін басқарудағы жеке – бағыттылық білім көз – қарасы, жоғарғы оқу орынының педагог іс - әрекетіне мынандай бағыттарда қиындық туғызуы мүмкін, яғни гуманизациялық профессионалдық білім, студенттердің жеке ішкі белсенділігінің деңгейі, қабілеттер мен реализациялық мүмкіншіліктеріндегі қажеттіліктер. Осыған қарамастан мұғалім бұл мәселені шешудің бірден – бір жолы ретінде ғылыми ақпараттар көздерінен бастамай, керсінше студенттердің субъективті қабілеттерінің қызығушылықтарын артырудан бастайды.

Осыларға жүгіне отыра мұғалім болашақ шебер маманды дайындау кезінде, субъективті қабілеттерінің қызығушылықтарын арттыру арқылы олардың бойларына ғылыми ақпараттар көздеріне деген қабілеттерін

дарытады. Сонымен қатар студенттердің оқу процесстеріндегі өзіндік көзқарастарыда өзгереді: өзіндік бағыт деңгейінің жоғарлығы, кішігірім орындаушыдан мұғалімнің объективті басқару іс - әрекетінің арқасында студенттердің жеке танымдық субъективті белсенділігі артады.

Білім алушылардың әртүрлі танымдық іс - әрекеттерінің ішіндегі ең маңыздысы болып студенттердің өзіндік жұмыстары табылады. Міне осы іс - әрекет арқылы білім алушы болашақ шебер маман ретінде жақсы дайындалады. Себебі профессионалдық сапалы әрекеттерінің бірі өзіндік танымдық қабілеттер мен жоғарғы деңгейдегі қызығушылықтардың болуы.

Зерттеушілер «білім алушылардың өзіндік жұмысы» терминін зерттеуде көптеген өз үлестерін қосуда. Бұл дегеніміз қажетті ақпараттар көзін ашу, білімдерін арттыру, осы білімдерді шеберлік, ғылыми және оқу тапсырмаларында шешу, [4]; іс - әрекеттер, яғни оқу материалдар мен дәріс барысындағы көптеген шығармашылық элементтерді қабылдау, сабақтарға деген дайындық, дипломдық және курстық жұмыстарды жазу, жетекшінің басқаруынсыз бірақ мұғалімнің барысымен индивидуалды, топтық, жеке танымдық іс - әрекеттерін сабақ үстінде орындау. Кейбір авторлардың тұжырымдары бойынша өзіндік жұмыс түсінігін педагогикалық шарттарды ұйымдастыру жүйесі, яғни мұғалім жоқ кездегі оқу іс - әрекетін жеке басқару деген мәліметтерді берді.

П.И. Пидкасистийдың ойынша жоғарғы оқу орындағы студенттердің өзіндік жұмыстары дегеніміз оқу процессіндегі өзіндік іс - әрекеттерді жеке басқару және педагогикалық заттарды ұйымдастыра ала білу спецификасы болып саналады деп көрсетеді. Автор студенттердің өзіндік жұмыстарын оқу тапсырмалары ретінде қарастырады, яғни оның іс - әрекетінің объектісі және оқу процесіндегі тапсырмалардың барлық шешімдерін таба білу.

«Білім алушылардың өзіндік жұмысы» түсінігіне талдау жасай отыра біз мынаны анықтай аламыз:

танымдық қызығушылықты, белсенділікті, өзіндік жеке басшылықты артыратын танымдық іс - әрекеттер;

квалификацияны алдыңғы уақытта жоғарлататын күш, өзіндік білімнің негізі;

педагогикалық шарттар мен іс – шаралар жүйесі негізіндегі білім алушылардың оқу – танымдық іс - әрекеттерінің басқару түрін қарастыру.

Егер мақсатты және арнайы педагогтың іс - әрекеттерін ұйымдастыру түріндегі басқаруға тән мінездемелер көрінсе, онда мұғаліммен бірігіп жасаған студенттердің өзіндік жұмыстарын анықтау, жеке тұлғаның индивидуалдық – психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып және әртүрлі дидактикалық әдіс – тәсілдерді қолдану арқылы (кәсіптік ойындарды ұйымдастыру, оқу – жүйке соқтығысы, мәселесі бар топтармен жұмыс жасау, тренингтер) жүзеге асыру шын мәніндегі факт болып есептеледі.

Осындай жеке – бағыттаушылық басқару жағдайларына байланысты студенттердің ойлау қабілеттерін белсенді түрде арттыруға көптеген мүмкіншіліктер туады және болашақ сапалы маманға деген жеке-тұлғалық

дамушылық көріне бастайды.

Білім алушылармен өзіндік жұмысты бірігу арқылы орындауды мұғалімнің ең негізгі іс - әрекеттері болып экстериоризация процессіндегі дифференциалдық және интеграциялық басқару саналады, яғни өзіндік білім алудағы басқару, басқару түрімен болашақ маманның танымдық қабілеттерін басқару бірлігінің процесі.

Осы басқару жүйесіндегі тапсырмаларды шешуде міндетті түрде студенттерге арналған өзіндік жұмыстар қажет және олар студенттердің өзіндік қабілеттерінің деңгейлеріне, өзіндік бақылауға, оқу жұмысындағы білімдерді жүйелі түрде қабылдауға, болашақ мамандардың сапалы және белсенді білімдерін дамытуға, мотивтер мен қызығушылықтарын артыруға сай болуылары қажет.

Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын басқарудағы ең маңыздысы болып әрбір студенттің өзінің жеке басындағы қабілеттерін артыру есептеледі, осы іс - әрекеттердің көрінісі ретінде біз мына құбыластарды бақылай аламыз, яғни оқу процессін бақылап бағыт беретін және өз жұмысына есеп бере алатын, оқу іс - әрекетінің жеке субъектісі ретінде қарау.

Жеке – бағыттылық қадамның негізгі ұйымдастырылуы, студенттердің психологиялық ерекшеліктері болып саналады. Осыған орай атақты ғалымдардың өзекті тұжырымдары көрсетіледі, яғни олардың танымдық іс - әрекеттерін басқаруларына индивидуалдық, психологиялық мінездерге жүгінген білім көзі қажет деп еспетейді

(С.Я. Батышев, А.А. Вербицкий, М.С. Дмитриева, Р.К. Машанова, Т.К. Мучаидзе, Н.Д. Хмель және т.б.) көптеген баспаларында мыналарды көрсетеді, яғни студенттердің танымдық іс - әрекеттерін басқару мен өзіндік жұмыстарына қолайлы жағдай жасау, жоғарғы оқу орындағы дидактикалық білім жүйесінің тереңдігі қажеттілігі.

Авторлардың айтулары бойынша студенттердің танымдық іс - әрекеттерін басқару түрі дидактикалық принциптерге жүгіне отыра орындалуы қажет, ал ең бастысы оладың жеке тұлғалық ерекшеліктерінің принциптерін есепке алған жөн.

Г.И. Купцова, студенттердің танымдық іс - әрекеттерімен өзіндік жұмыстарын басқару сұрақтарын қарастыра отыра мынаны айтады: «Студенттердің оқу – танымдық іс - әрекеттеріндегі басқару процесі, іс - әрекет негізіндегі басқару объектісінің жеке тұлғалық сапасы ретінде қаралмай, әртүрлі іс - әрекеттер мен өмірлік әрекеттердің субъектісі ретінде, яғни өзіндік басқару мен өзіндік ұйымдастырушылықтың жеке тұлғалық қалыптардың мақсатты түрде бағытталған іс - әрекеттері ретінде қаралуы» деп көрсетеді [42, с.56].

Осыдан шыға мұғалімнің білім алушылардың танымдық іс- әрекеттеріне деген байланысы болып, индивидтің жеке басындағы қызметтердің даму саналады, яғни өзіндік даму мен социализация. Ал оқу – танымдық іс - әрекеттегі өзіндік басқарудың механизімін анықтау үшін жеке тұлғаның субъективті деңгейі қажет, сол арқылы оқу процесімен жеке тұлғалық

ерекшеліктердің бірігуін максималді түрде ашуға болады.

Қандай да бір іс-әрекеттің ерекшеліктерін ашуда, мейлі ол білім көзіндегі студенттердің өзіндік жұмыстары болсын, ол үшін осы іс-әрекеттегі субъектінің жан-жақты зерттеуге болады. Жоғарғы оқу орындағы болашақ профессионалды сапалы мұғалімнің басқару іс-әрекетінің стратегиялық бағыты болып, заманауи білім алушылардың жасөспірімдік, психологиялық мінездегі білімдері болуы тиіс.

Қортындылай келе білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін басқарудағы жеке – бағыттылық реализациялық ойлары, студенттердің өзіндік даму мен өзіндік білімге деген қызығушылықтары және профессионалдық іс-әрекеттердің жеке – бағыттылығына байланысты.

Білім алушылардың өзіндік жұмыстарындағы жеке – бағыттылық басқару қадамының негізгісі болып есептелінетіндер:

- білім алушылардың іс-әрекеттік субъект ретінде қарастыра отыра ерекшеліктерін анықтау, оның бойындағы субъектілік іс - әрекеттер арқылы өзіндік болмыс пен өзіндік бағаға деген көзқарстарын арттыру;

- осы қабілеттерге сүйене отыра максималды түрде педагогикалық іс-әрекеттерге жүгіну, білім негізіндегі жалпы және жеке қабілеттерге әркезде де келісімділік білдіру;

- оқу жұмысындағы қабілеттерді талдау арқылы индивидуалдық өзінше жеке білім көздерін алу;

- жеке тұлғаның дамуына өзіндік басқаруда жан – жақты жағдайлар жасау және жоғары оқу орыны мұғалімінің дайындық деңгейлерін анықтау.

1.2 Тұлғалық-бағдарланған қатынас — педагогикалық процесті басқару тиімділігінің айқындаушы факторы

Болашақ мамандардың даярлау процесін басқаруда, гуманистік парадигманы және тұлғалық-бағдарланған амалды іске асыру қажеттілігі, сондай-ақ берілген мәселелерді педагогикалық қатынас проблемасы контекстінде ашудың теориялық және практикалық жоспарындағы кемшілік қатынастың, педагогикалық қатынастың мәні мен мазмұнын, болашақ мамандардың кәсіптік даярлығындағы тұлғалық-бағдарланған амалдың ерекшеліктерін нақтылау қажеттілігін тудырады.

Тұлғалық-бағдарланған қатынас және педагогикалық қызметтегі субъект-субъектілік өзара әрекеттесу проблемасы түбегейлі мәнді иеленеді. Сондықтан, алдымен «қатынас» феноменінің мәнін нақтылау, оның мағынасы бойынша жақын психология-педагогикалық ұғымдармен өзара байланысын талдау, сонан соң педагогикалық қатынас ерекшеліктерін талдау маңызды.

Қатынас бүкіл адамзат қызметін анықтайтын, ең көп таралған категориялардың бірі ретінде философия, психология, антропология, лингвистика, педагогика, әлеуметтану әдебиеттерінде кеңінен таралды.

Сөйлеушінің тыңдаушыға әсер ету өнері ретінде қатынас проблемасының ежелгі тарихы бар: кезінде Цицеронның өзі «не айту керек, қайда айту керек және қалай айту керек» деген негізгі коммуникациялық міндеттерді анықтаған болатын. Шешеннің берілген талаптарды сақтауы негізінде, Цицерон шешеннің типін анықтаған, оны сөйлеген сөзі «орынды болатын» адам жақсы іске асырған [69].

Алғаш рет қатынастың мәнін анықтау проблемасы классикалық философияда пайда болды, ол субъект пен объект ұғымдарын, «Мен» және «Сен» арасындағы өзара қатынастарды ерекшеледі. Сонымен қатар қатынас проблемасы экзистенциализмде адамның «өмір сүру әлемін» құруға бағытталған қатынастың ұмтылу түрінде онтологиялық мәртебесіне ие. К. Ясперстің «экзистенциялық коммуникация» теориясында, диалогтық қатынас тұжырымдамасының негізін қалаушылардың бірі М. Бубердің философиялық антропологиясында қызметтің алдында болатын адамзат болмысының әмбебап шарты ретінде қадағаланады.

Отандық ғылымда қатынас бұрыннан әлеуметтік психологияның базалық категориясы болған және танымдық, эмоциялық-бағалау және басқа ақпаратпен алмасу мақсатында екі немесе одан көп адамның өзара әрекеттесуі ретінде анықталған, қатынас дербес зерттеу объектісі ретінде біршама жақында ғана бөлінді. Қатынас зерттеу тақырыбынан алдымен танымдық процестерді, сонан соң жалпы алғанда адамның тұлғасын зерделеу тәсіліне, принципіне айналды.

Психология ғылымында қатынас проблемасын зерделеу шартты түрде үш кезеңге бөлінеді [127]. Алғаш рет адамның психологиялық даму факторы ретінде қатынастың ролі туралы мәселе ХХ ғ. 20-жж. В.М. Бехтеревтің зерттеулерінде көтерілді. Қатынас процесі дербес зерттеу объектісі болған жоқ, оның психикалық процестер мен функцияларға әсер етуінің нәтижелі жағы ғана талданды.

ХХ ғ. 70-жж. дейін қатынас проблемасын әзірлеуде теория-философиялық амал басым болды. «Қатынас» ұғымы адам психикасының әлеуметтік қамтамасыз етілгендігі туралы ережені негіздеу үшін пайдаланылған. Л.С. Выготскийдің жоғары психикалық функциялары тұжырымдамасында қатынас адамның психикалық даму факторы ретінде, оның өзін-өзі реттеу шарты ретінде басты орын алады. А.Н. Леонтьев қатынастың тұлғаны қоғамдық білімге қатыстыру құралы ретіндегі ролін атап көрсеткен, қатынас Б.Г. Ананьев еңбектеріндегі тіршілік әрекеті түрлерінің бірі болады.

ХХ ғ. 70-ші жж. бастап қатынас психология-педагогикалық зерттеудің жеке облысы ретінде қарастырылады. Проблеманы өңдеудің қазіргі кезеңінің өзгешелігі «қатынас жағдайларында» зерттеуден процестің өзін, оның сипаттамаларын зерделеуге өтуден, қатынас проблемаларын талдаудың барлық деңгейлерінде – теориялық, эмпирикалық, қолданбалы деңгейде зерттеу объектісіне түрлендіруден тұрады.

Оның мәнін, құрылымын, функцияларын түсінуге әр түрлі амалдарды талдау осы құбылыстың алуан түрлілігін және оны зерделеудің алғашқы принциптерін айқындайды. Бірақ ғылымда әлі күнге дейін қатынастың жалпы

қабылданған анықтамасы жоқ. Қатынастың қызметпен байланысы туралы мәселе негіз құраушы болып табылады. Осы өзара байланысты ашудың әдіснамалық принциптерінің бірі қатынас және қызмет бірлігі идеясы болып табылады. Осы принциптен алғанда, «адамдардың бірлескен қызметінің кез келген түрлерін жорамалдайтын адамзат қатынастарының шынайылығы қатынас деп түсіндіріледі» [144].

Алайда осы байланыстың сипаты әр түрлі түсіндіріледі. Сондықтан қатынасты қызметтің ерекше түрі ретінде түсінудің арасында қызметтің бір бөлігі ретінде (М.И. Лисина, М.С. Каган, А.А. Леонтьев, В.Н. Сагатовский, А.Н. Леонтьев, Б.Г. Ананьев және т.б.) және адамның біртұтас болмысының жеке жағы ретінде (Б.Ф. Ломов, Л.П. Буева, Б.Д. Парыгин және т.б.) негізгі қарама-қайшылық байқалды.

Қатынас мәнінің анықтамалары оның «қызмет» ұғымымен ара қатынасына байланысты ұсынылды.

М.И. Лисинаның [105] пікірі бойынша қатынаста қызметтің барлық құрылымдық белгілері болатындықтан, ол қызмет болып табылады. А.Н. Леонтьевтің психологиялық тұжырымдамасы бойынша қатынаста қатынас объектісі болады; қатынастың негізінде қажеттілік, дәлел жатыр; қатынас барысында коммуникативті міндеттер шешіледі; қатынас операциялардың немесе қатынас құралдарының көмегімен жүзеге асырылады.

Б.Г. Ананьев адам өзінің күнделікті өмірінде заттық әлеммен ғана емес, сонымен бірге адамдармен де қатынастардың шексіз санымен байланысты деп есептейді. Осы қатынастар оның көмегімен дамитын және анықталатын механизм қызмет – еңбек, қатынас, ойын, оқу және т.б. болып табылады. Осы қатардан қатынасты ерекшелеп, Б.Г. Ананьев қатынас ретінде қызметтің ерекше сипаттамасы адамның қатынас арқылы адамдармен өз қатынастарын құрайтыны, қатынастың онсыз ақиқаты тану, осы ақиқатқа эмоциялық реакцияны және осы танымға және эмоциялық қатынасқа негізделген осы ақиқаттағы тәртіпті қалыптастыру мүмкін болмайтын шарт болып табылатынын атап көрсетеді. Зерттеуші қатынасты адам қызметінің басты түрлерінің бірі ретінде қарастырады. Б.Г. Ананьевтің айтуынша, «қатынас қызметі» адамның барлық психикалық ұйымшылдығын қалыптастыруға қатысады [28].

В.А. Петровский қатынастың қызметпен байланысын атап көрсетеді: «қатынас – бұл бірлескен қызмет қажеттіліктерімен тудырылатын, адамдар арасындағы байланыстарды дамытудың көп жоспарлы процесі» [136]. Бірлескен қызметте адам қажеттілігіне қарай басқа адамдармен бірігуі, олармен қатынасуы, яғни байланыс орнатуы, өзара түсінісуге қол жеткізуі, белгілі ақпаратты алуы, жауаптық ақпаратты хабарлауы тиіс. Берілген жағдайда, В.А. Петровскийдің пікірі бойынша, «қатынас қызметтің бір бөлігі ретінде, оның маңызды ақпараттық жағы ретінде, коммуникация (бірінші реттік қатынас) ретінде болады» [136].

Бірақ, қызмет процесінде қатынасты коммуникация ретінде қосқан затты жасап, адам жасалған зат арқылы өзін, өзінің қабілеттерін, даралығын басқа

адамдарға «тасымалдайды», өзін басқа адамдарда жалғастырады. Жасап шығарылған зат (салынған ғимарат, отырғызылған ағаш, жазылған кітап) – бұл бір жағынан, қызмет заты, ал екінші жағынан – құрал, оның көмегімен адам өзін қоғамдық өмірде нығайтады, өйткені қызмет заты басқалар үшін жасалған. Бұл затпен адамдар арасындағы қатынастар жанамаланады, қатынас туғызушылар мен жасаушыларға және тұтынушыларға тиесілі ортақ затты жасап шығару түрінде құрылады. «Қатынас өзінің басқадағы жалғасы ретінде екінші түрдегі қатынас. Егер бірінші түрдегі қатынас (қатынас коммуникация ретінде) бірлескен қызметтің бір жағы ретінде болса, онда екінші түрдегі қатынастың өзінің елеулі жағы қоғамдық құнды және тұлғалық маңызды затты жасап шығару бойынша бірлескен қызметі болады. Мұнда қызмет қатынастың бір бөлігі, қажетті алғышарты ретінде болады» [136].

Келтірілген мысалдар В.А. Петровскийдің мынадай тұжырым жасауына мүмкіндік береді: «бір жағынан, қызмет қатынастың бір жағы ретінде болады, екінші жағынан, қатынас қызметтің бір бөлігі, бір жағы болып табылады. Бірақ қатынас және қызмет барлық жағдайларда ажыратылмайтын бірлікті құрайды» [136].

Б.Ф. Ломов «психологиядағы қатынас және қызмет категориялары» мақаласында қызмет пен қатынастың өзара қатынасы туралы мәселені өткір қойған [109].

Автор проблемаға назар аудартады – психология жалғыз ғана категорияның негізінде, атап айтқанда – қызмет категориясында дами алады ма немесе ол категория жүйесінің негізінде дамиды ма?»

Басқаша айтқанда, қызметті бүкіл психикалық қызметтің іргетасын құрайтын негізгі категория ретінде пайымдауға немесе қызметтен басқа қатынас, сана, қажеттілік және т.б. сияқты тазалық категориялардан тұратын категориялар жүйесінің негізінде жалпы психологиялық теорияны құруға болады ма? Проблеманың мұндай жазықтықта қойылуымен келіспеу қиынға соғады, кез келген ғылым жалғыз категорияның негізінде дами алмайды. Зерттеушінің қатынасты қызмет ретінде емес, жеке категория ретінде негіздеуде қаншалықты дәлелді екені маңызды. Б.Ф. Ломов қатынасты өзара әрекеттесудің өзгеше түрі ретінде қарастырған, оның процесінде қызметтермен, түсініктермен, идеялармен, мақсаттармен өзара алмасу жүзеге асырылады.

Қатынаста субъект-субъектілік қатынастар жүйесі қалыптасады, дамиды және айқындалады. Б.Ф. Ломовтың пікірі бойынша, қатынас субъект белсенділігінің дербес және өзгеше түрі ретінде болады. Оның нәтижесі – бұл түрленген зат (материалдық немесе идеалды) емес, басқа адаммен, басқа адамдармен қатынастар. Оның пікірінше, «қатынас» категориясын салыстырмалы талдау қатынас категориясының өзгешелігін және дербестілігін көрсетуге мүмкіндік береді.

Б.Ф. Ломов белгілі түрде субъект арқылы байланысқан қатынас пен қызметтің көптеген ортақ ерекшеліктері бар екенін мойындаса да, ол қатынас категориясының салыстырмалы дербестілікке құқығын қорғайды, қатынас қызметтен түбегейлі ерекшеленетін бірдеңе, себебі субъектіні объектімен емес,

басқа субъектілермен байланыстырады. Б.Ф. Ломовтың пікірі бойынша, қатынастың қызметтен басты ерекшелігі осында, онда субъект-объектілік емес, субъект-субъектілік қатынастар орын алады.

Бірақ, егер Б.Ф. Ломов үшін қызмет пен қатынасты бөлу үшін бұл критерий жеткілікті болса, онда М.С. Каган үшін бұл дәлел емес, себебі оның пікірінше, адам қызметін оның заттылық қызметіне келтірудің керегі жоқ, сонда қатынас адам белсенділігінің айқындалуына сай келеді. Өзінің ұстанымын нақтылап, М.С. Каган субъект аралық қызметтің екі нұсқасын анықтайды, оның біреуі жанамаланбаған, ал екіншісі объектіге қатынаспен жанамаланған [81].

Оның пікірінше, субъект аралық өзара әрекеттесу – бұл қатынас қатыстарының мүмкін болатын жалғыз нұсқасы. Оның пікірінше, қатынас субъект басқа субъектімен өзара қатынастарда өзінің субъектілігін сақтағанға дейін осындай болып табылады. Бірақ бұл берілген феноменді қызмет шегінен шығармайды, осыдан, қатынас қызметтің жеке жағдайын білдіреді.

Л.П. Буева өзінің көзқарасын негіздейді: «қызмет және қатынас – өмірдің бірыңғай (жеке және қоғамдық) процесінің тең емес, өзара байланысқан, салыстырмалы дербес екі жағы» [34]. Ол ғылыми зерттеулерде қатынастың әлеуметтік-практикалық аспектісі жете бағаланбайтынын атап өтеді, осыған байланысты қатынастың әлеуметтік-практикалық аспектісінің мәнін, айқындалуын және орнын адамзат болмысының кең әлеуметтік контекстінде қарастыру керек.

Б.Д. Парыгинның көзқарасы: «Қатынас және қызмет – өзара қиылысатын, бірақ тепе-тең емес құбылыстар. Бір жағынан, қатынас қызметтің шарты немесе құраушысы ретінде де, сондай-ақ ерекше коммуникациялық қызмет түрінде де болуы мүмкін, екінші жағынан – ол қызметтен мүлде тәуелсіз және ерекшеленетін әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қарастырылуы мүмкін және тиіс» [132].

Б.Д. Парыгинның пікірі бойынша, қатынастың қарапайым шарты бір-бірімен психологиялық байланысқа түсуге әзір және қабілетті тұлғалардың бар болуы. Ол субъект деп қатынас жағдайына белсенді қатысатын тұлғаны түсінеді. Қатынасқа белсенді қатысушы (субъект) екінші қатысушыға субъект ретінде, (егер ол оны ынталандырса, тең құқықты серіктес, тұлға ретінде) немесе тек объектіге немесе өзінің қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру құралына ретінде ғана қатысты болуы мүмкін, онда бұл – серіктестік қатынастың (тұлғалық) емес, тұлғалық жанамаланбаған функционалды-рольдік қатынастың мысалы.

Адамға қатысты қатынас объектісі ретінде адамдар ғана емес, сонымен бірге жануарлар, табиғат, оның қолымен жасалған нәрсе-заттық орта әлемі де болуы мүмкін [132]. Сонымен бірге ғалым қатынас – бұл субъект-субъектілік қана емес, сонымен бірге субъект-объектілік қатынастар деп айрықша баса айтады.

Қатынас пен қызмет ұғымдарының ара қатысы проблемасын Р.С. Немов қарастырған [123]. Оның пікірінше, адамның белсенділігі түрлері

ретінде қызмет пен қатынас арасында айырмашылықтар бар болады. Әдетте қызмет нәтижесі қандай да бір материалдық немесе идеалды өнімді (бұл – идеяны, ойды тұжырымдау) жасау нәтижесі болып табылады. Қатынас қорытындысы – адамдардың бір-біріне өзара әсер етуі, қызмет – адамды дамытатын белсенділік түрі ретінде, ал қатынас оны тұлға ретінде қалыптастыратын белсенділіктің зияткерлік түрі болады. Қызмет – адамның дербес түрленуіне, ал қатынас оның зияткерлік дамуына қатысады. Сондықтан Р.С. Немов бойынша, қызметті және қатынасты адамды дамытатын әлеуметтік белсенділіктің өзара байланысқан жақтары ретінде қарастыру керек.

Г.М. Андрееваның, И.А. Зимняяның, Е.И. Исаевтың, Е.И. Роговтың, В.В. Рыжовтың, В.И. Слободчиковтың, И.П. Шкуратованың ғылыми зерттеулерінде қатынас теңдессіз қызмет, ерекше текті қызмет түрінде беріледі.

Г.М. Андреева, әр түрлі көзқарастарды қоса отырып, қатынастың кез келген түрлері дегеніміз адамдардың бірлескен қызметінің ерекше түрлері деп атап өтеді: адамдар әр түрлі қоғамдық функцияларды орындау процесінде жай ғана араласпайды, сонымен бірге олар қандай да бір қызметте қатынасады, қызметтің қатынас арқылы жай ғана ұйымдастырылмайтыны жөнінде онда адамдар арасында жаңа байланыстар пен қатынастар пайда болады. «Қатынас дегеніміз адам қатынастарының бүкіл жүйесін іске асыру... Қатынассыз адамзат қоғамын болжау мүмкін емес. Қатынас онда тұлғаларды цементтеу тәсілі ретінде және сонымен бірге осы тұлғалардың өздерінің даму тәсілі ретінде болады» [8].

В.В. Рыжовтың зерттеуі ерекше көңіл аударуға тұрарлық [151]. Қатынастың қызметтік тұжырымдамасын жеке емес, ал әлеуметтік қызмет ретінде құру нұсқаларын талдап, ол оны интересубъектілік амал шеңберінде, диалог пен ынтымақтастық парадигмасында құру мүмкіндігіне келеді. Мұндай амал болғанда қатынас субъектісі ретінде жиынтық субъект ретінде тұлғалардың қауымдастығы қарастырылады. Объект ретінде адамдардың тақырыптық қызметінің өзі, олардың қатынасқа қатысушылардың белсенділігі бағытталған жүйелік объект ретінде ынтымақтастығы ерекшеленеді және талданады.

В.В. Рыжов қатынас ол арқылы жеке адамдар қауымдастыққа қосылатын, жеке қызметтер ынтымақтастыққа қосылатын, жеке дауыстар диалогқа қосылатын теңдессіз қызметті білдіреді деп санайды. Қатынастың тамаша нәтижесі – бұл адамдар қызметінің шынайы ұжымдылығы және олардың қатынастарының шынайы диалогтылығы.

И.А. Зимняяның анықтамасы бойынша, қатынас – бұл «төтенше кең және сыйымды ұғым. Бұл ұғынылған және ұғынылмаған вербальды байланыс, ақпаратты беру және қабылдау, бұл барлық жерде және ылғи да байқалады. Қатынас көп жүзді: оның көптеген нысандары мен түрлері бар».

Ол «қатынастың өзі қызмет емес, ал қоғамдық-еңбек қатынастарында қызметтің әр түрлерімен айналысатын адамдардың өзара әрекеттесу нысаны» деп айрықша баса айтады. Өзара әрекеттесу нысаны адамдар қызметінің қоғамдық-коммуникациялық сферасында пайдаланылатын құралдарға

байланысты болады. Адамның тіршілік әрекетінің жалпы мақсатының өзгеруіне байланысты қызметтің өзара байланысқан және өзара қамтамасыз етілген үш сферасы ерекшеленеді: қоғамдық-өндірістік (еңбек), танымдық (таным) және қоғамдық-коммуникациялық (қатынас) [69].

Кейбір ғылыми зерттеулерде қатынас анықтамасын тұжырымдаудың сыйымды қысқа конструкциясына келтіруге талпыныстар болды. В.Н. Панферов, мақсаттық компонентті акценттеп, қатынасты тек адамдардың өзара әрекеттесуіне ғана келтіреді [131].

В.В. Соколова құбылыстың мазмұндық жағына назар аударады: «Қатынас – бұл танымдық немесе аффектілік-бағалау сипатты ақпаратпен алмасудан тұратын адамдардың өзара әрекеттесуі» [170].

С.И. Ожеговтың сөздігіне сәйкес, өзара әрекеттесу – бұл екі құбылыстың өзара (яғни екі жаққа бірдей, екі жаққа қатысты) байланысы [129].

Философияда өзара әрекеттесу – «өзара әсер ету процесі», «материалдық объектілер мен құбылыстар арасындағы әр түрлі байланыс және қатынас» [183].

«Өзара әрекеттесу» әр түрлі объектілердің бір-біріне әсер ету процестерін, олардың өзара қамтамасыз етілгендігін, күйінің өзгеруін, өзара өтуді, сондай-ақ бір объектінің екіншісін тудыруын сипаттайтын категория ретінде қарастырылады. Өзара әрекеттесу тікелей немесе жанамаланған, сыртқы немесе ішкі қатынастың, байланыстың түрін білдіреді. Объектінің қасиеттері тек басқа объектілермен өзара әрекеттескенде ғана айқындалады және танылуы мүмкін.

В.И. Мясищевте қатынас – бұл белгілі түрде бір-бірін бейнелейтін, бір-біріне қатысты болатын және бір-біріне өзара әрекет ететін нақты тұлғалардың өзара әрекеттесу процесі [122].

М.В. Лисинаның берген анықтамасы: «Қатынас – адамдардың белгілі өзара әрекеттесуі, оның барысында олар қатынастарды жөнге келтіру және бірлескен қызметтің жалпы нәтижесіне қол жеткізу үшін күштерді біріктіру мақсатында алуан түрлі ақпаратпен алмасады» [105].

А.А. Леонтьев «өзара әрекеттесу» және «шын мәнінде қатынас» ұғымдарын шектейді: қатынасты «ұжымдық қызметтің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін, қоғамдық және тұлғалық, психологиялық қатынастарды іске асыратын және тән құралдарды, ең алдымен тілді пайдаланатын мақсатқа бағытталған және дәлелденген процестер жүйесі ретінде» анықтайды. Ол қатынас ылғи да қалай болғанда да психологиялық анықталған адамдар тобының ішінде болатынына ерекше көңіл аударады, онда «қатынасқа қатысушыларды біріктіретін, өте әр түрлі сипаттамалар: жалпы мүдделер, дәлелдер, білімдер, мақсаттар, қызметтің жалпы құралдары және т.б. мүмкін болады». Қатынас психологиялық көзқарастан алғанда көбінесе осы сипаттамаларды қауымдастықтың барлық мүшелеріне үлестіре отырып және олардың психикасын «бірыңғайландырып» немесе әлеуметтік рольдерді қауымдастық мүшелері арасында ұғынылған немесе ұғынылмаған түрде үлестіруді жүзеге асыра отырып өзгертуге бағытталған; «қатынас тақырыбы нақты адам немесе адамдар емес, не адамдардың өзара әрекеттесуі, не

психологиялық өзара қатынастары болып табылады». Сонымен бірге автор «егер өзара әрекеттесу құрылымы еңбек функцияларының үлестірілуімен, ұжым мүшелерінің әрқайсысы жалпы қызметке қосатын жеке «үлесімен» анықталса, онда қатынас процестерінің автономдық сипатта болуы мүмкін: қатынас өзара әрекеттесу үшін қажет, бірақ сол және бір өзара әрекеттесу әр түрлі бағытталған, әр түрлі сипатты және көлемді қатынаспен қамтамасыз етілуі мүмкін» екендігін байқайды [102].

Савельева О.Е., қатынастың функцияларын және мазмұнын есепке алып, келесі анықтаманы ұсынады: «Қатынас – бұл адамға имманентті тиесілі, жеке және жиынтық субъектілердің өзара байланысының объективті қамтамасыз етілген және субъективті қабылданатын тәсілі, олардың бірлескен өзара әрекетінде жүзеге асырылады және олардың бір-біріне қатынастарының сипатын көрсетеді, оның мәні бірігудің қарама-қайшы процесі — адамдарды әр түрлі қауымдастықтарда оқшаулау болып табылады» [155].

Психологияда қатынас «ақпаратпен алмасу, бірыңғай өзара әрекеттесу стратегиясын жасау, басқа адамды қабылдау және түсіну кіретін, адамдар арасында бірлескен қызметтің қажеттіліктерімен тудырылатын байланыстарды анықтаудың және дамытудың күрделі көп жоспарлы процесі» ретінде түсіндіріледі [91].

Отандық психолог С.М. Джакуповтың пікірінше, оқыту процесіндегі өзара әрекеттесу және қатынас процестерін арнайы ұйымдастыру қажет, тіпті егер онда объективті танымдық қарама-қайшылықтар болмаса да, ол оқу материалын баяндау барысында проблемалық ситуацияларды құруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге олардағы танымдық компонент оқу материалы мазмұнының өзінде болатын қарама-қайшылықтарға негізделген проблемалық ситуацияларға қарағанда ешбір аз көрсетілмеген болып шығады. Ал таным процесіне қатынастың нысандары мен мазмұны арқылы мақсатқа бағытталған түрде әсер етуді автор студенттердің оқу-танымдық қызметін басқарудың маңызды тәсілі ретінде қарастырады [57].

Философиялық анықтама: «қатынас – қызметтермен, ақпаратпен, тәжірибемен, қабілеттермен, шеберліктермен және дағдылармен, сондай-ақ қызмет нәтижелерімен алмасу болатын, қоғамдық субъектілердің (кластардың, топтардың, тұлғалардың) өзара байланысу және өзара әрекеттесу процесі; қоғам мен тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың қажетті және жалпыға ортақ шарттарының бірі [182].

Қатынас – қоғам мүшелері, белгілі әлеуметтік топтар өкілдері ретінде адамдардың өзгеше тұлға аралық өзара әрекеттесуі, қоғамдық қатынастар жүйесімен жанамаланады және олардың айқындалуының дербестендірілген тұлғалық түрі болып табылады [147].

Ғалымдардың қатынас пен қызмет ұғымдарының ара қатысы проблемасы бойынша әр түрлі көзқарастары оларды бастысында жақындастырады – қатынасты адамдардың бірлескен қызметінің, олардың ынтымақтастығының контекстінен тыс зерделеу мүмкін емес. Қатынасты, қызметті және тұлғаны

зерттеудің ерекше принципі - қатынас және қызмет бірлігі принципінің пайда болуы туралы айту қажет.

Жоғарыда айтылған жалпы алғанда қатынастың әмбебап, мінсіз процесс болып табылатынын түсіндіруге мүмкіндік береді, ол ақпаратты алу және түрлендіру көзі, адамдар арасында байланыстарды орнату және дамыту процесі болып табылады; қатынас арқылы адамдар қызметтің әр түрлерін ұйымдастырады, тәжірибесімен, білімдерімен, еңбек нәтижелерімен алмасады, өзара түсіністікке қол жеткізеді, мақсатқа сәйкес әрекеттер бағдарламасын жасайды, бір-біріне өзара әсер етеді. Қарастырылған көзқарастарды біріктіріп, қатынас мәнін өзара әрекетті, өзара түсіністікті, өзара әсерді қамтамасыз ететін, мақсатқа бағытталған және ақпараттық-энергетикалық процестердің өзгеше жүйесі ретінде анықтауға болады, олардың барысында серіктеске және шындыққа қатысты айқындалатын, мәдениет пен адамдардың қауымдастығы негізін құрайтын, танымдық және эмоциялық-бағалау сипатты ақпаратпен алмасу болады. Қатынас шарттарына байланысты қызметтің ерекше түрі ретінде, қызметтің шарты ретінде, қызметтің бір бөлігі ретінде, құрал ретінде немесе белсенділіктің дербес нысаны ретінде, зияткерлік және адамгершілік даму негізі ретінде алға шығады. Қатынас жеке және әлеуметтік сипатта болуы, субъект-субъектілік, субъект-объектілік, объект-субъектілік, объект-объектілік болуы мүмкін.

Қатынасты қарастырғанда, берілген категорияның қызмет контекстінде зерделенетінін есепке алу қажет. Сөздің тар мағынасында қызмет деп қоршаған әлемге белсенді қатынастың өзгеше адамдық нысаны түсіндіріледі, оның мазмұнын мақсатқа сәйкес өзгеруі және түрленуі құрайды; кең мағынасында тек қоршаған ортаға ғана емес, сонымен бірге адамның өзіне бағытталған, мақсатты болжайтын шығармашылық белсенділік түсіндіріледі. Қызметтің берілген анықтамасынан шығатыны: қызметтің негізгі мазмұны әлемнің (сыртқы немесе ішкі) мақсатқа сәйкес өзгеруі және түрленуі болып табылады. Бірақ мақсатқа сәйкестілік пен түрленуді ылғи да қатынастың мазмұндық сипаты деп тануға болмайды. Қатынастың белгілі түрлері болады, оларда тап мұндай қызмет болмайды.

Қатынастың белсенді сипатын көрсететін категориялардың бірі «өзара әрекеттесу» категориясы болып табылады, ол бірыңғай мақсатқа бағыныштылықпен, мақсатты болжаумен байланысты емес, сонымен бірге қатынас процесінің екі бағыттылығын және нақтылығын көрсетеді. Бірақ кез келген өзара әрекеттесу қатынастарсыз болмайды. Адамзат қатынастарының айқындалуы ретінде қатынастың қарама-қайшы, екі жақты сипаты болады, ол бір мезгілде объективті де, сонымен бірге субъективті жанамаланған процесс ретінде болады, себебі нақты тіршілік әрекетінде адам қоғамның «өнімі» ғана емес, сонымен бірге оны жаратушы болып табылады. Қатынас қоғамдық қатынастардың айқындалуы, тұлғалық нысаны болып табылады, сонымен бірге оларға келтірілмейді, ол бір мезгілде тұлға аралық, ұлт аралық қатынастардың ақиқаты ретінде болады. Объективті сипаттама адамзат қатынасының қоғамда қалыптасқан қатынастар жүйесімен анықталуынан ғана емес, сонымен бірге

оның адам үшін адам санатына еруге байланысты емес қажеттілік болып табылуынан айқындалады, объективті қажеттілік субъектіленеді, жеке қажеттілік болады. қатынас бір мезгілде адамдар бірігуінің объективті қажеттілігі ретінде де, олардың субъективті қажеттілігі ретінде де алға шығады. Адамның өзінің субъективтілігін, адам ретінде өзіне көзқарасын сезінуі қатынасқан да, басқа адамдардың сезінуі арқылы болады.

Қатынас процесінде әлеуметтік тәжірибе беріледі және меңгеріледі, өзара әрекеттесетін субъектілердің құрылымы мен мәні өзгереді, тұлғалардың тарихи нақты типтері және адамдар даралығының барлық алуан түрлілігі қалыптасады, тұлға әлеуметтендіріледі.

Сондай-ақ психология-педагогикалық ғылымда педагогикалық қатынас проблемаларының әр түрлі бағыттар мен аспектілерде қарастырылатынын атап кету қажет. Бір зерттеулерде қатынастың әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-адамгершілік «координаталары», оның функционалды-танымдық мақсаттары және эмоция-психологиялық сипаттамалары баста назарға қойылғанда, педагогтың білім алушымен қатынасы оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың маңызды факторы ретінде анықталады [26]. Басқа зерттеулерде акцент меншікті педагогикалық аспектіге, яғни білім алушылармен қатынастың қалыптасатын мағынасы ауысады. Берілген жағдайда ол біртұтас тұлға қалыптасуының шарты және құралы ретінде қарастырылады, сондықтан қатынастың социомәдени «параметрлері» және онда қатысушылар мәдениеттің (субмәдениеттің) өкілдері (субъектілері) ретінде алға шығатын, ал олардың диалогының тақырыбы болмыс проблемалары болатын диалог түбегейлі мәнді иеленеді [17].

Аталған бағыттар педагогикалық қатынастың бірыңғай процесінің әр түрлі жақтарын айқындайды, олар білім беру және тәрбиелеу практикасында, сондай-ақ теориялық зерттеулерде айқындалады.

Ең алдымен, педагогикалық қатынас педагог пен оқушының тікелей байланысы арқылы қарастырылады. «педагогикалық қатынас – бұл оқытушының студенттермен кәсіптік қатынасы (оқыту және тәрбиелеу процестерінде), оның белгілі педагогикалық функциялары бар және қолайлы психологиялық климат жасауға, сондай-ақ педагог пен оқушы арасындағы қызметті және қатынастарды басқа текті психологиялық оңтайландыруға бағытталған (егер ол жан-жақты және оңтайлы болса), – деп атап өтеді А.А. Леонтьев» [103].

Ол педагогикалық қатынасты оқытушының білім алушылармен кәсіптік қатынасы ретін де қарастырады, сонымен бірге студенттердің бойында оңтайлы өзара қатынастарды қамтамасыз ету, ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық процестерді басқару, меншікті қатынас пен тәртіпті иелену шеберлігін қалыптастыруға басты назар аударады, бұл білім беру процесіне қатысушылардың эмоциялық-адамгершілік көңіл-күйіне белгілі түрде әсер етеді. Осыдан, педагогтың кәсіптік шеберлігі – педагогикалық қатынас процесінде білім алушыларға әсер етудің теңдессіз қабілеті ерекшеленеді.

Оқу-тәрбие процесіндегі педагогикалық қатынастың жетекші ролін атап өтіп, оған адамдар арасындағы байланыстарды анықтауға карағанда аса маңызды функцияны береді, атап айтқанда, «педагогикалық қатынас әр түрлі коммуникациялық құралдардың көмегімен іске асырылатын және педагогикалық этиканың қолданылып жүрген нормалары шеңберінде әрекет ететін педагогикалық міндетті шешуге бағытталған, күрделі коммуникациялық өзара әрекеттер жүйесімен беріледі [39]; педагогикалық қатынастың өзгеше ерекшеліктерін ерекшелейді, ол:

- оқу міндеттерін шешу құралы ретінде;
— жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесінің едәуір бөлігі тек сыныптар, дәрісханалар мен зертханаларда ғана емес, сонымен бірге оқу мекемелерінде жүзеге асырылады;

— ЖОО оқу-тәрбие процесі басшылық ететін құрамды даярлайтын арнайы орта мектептен ерекшелігінде педагогикалық қызметті және ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіреді.

Берілген ерекшеліктерді есепке алып, жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіптік даярлығында пайдаланылатын тұлғалық-бағдарланған амал тұжырымдамасының негізгі ережелері келесі ережелер болып табылады деп жорамалдаймыз:

1. Оқу дегеніміз әлемді субъективтік маңызды ұғыну, ол оқушы үшін субъективті тәжірибеде белгіленген тұлғалық мағыналарға, құндылықтарға, қарым-қатынастарға толы.

2. Оқытудың негізгі ойы — берілген қасиеттері бар тұлғаны қалыптастыру емес, білім беру процесі субъектілерінің тұлғалық функцияларын дамыту үшін жағдайлар жасау. тұлғалық-бағдарланған білімнің критерийлері: рефлексияны дамыту, тұлғалық ұстанымның бар болуы (яғни субъективті білім ретінде дербестілік), бағалар иерархиясы, қызмет мағынасын іздеу. Сапалы кәсіптік білім берудің мағынасы меңгерілген білімді, шеберлікті, дағдыларды, тәжірибені және бағаларды жаңа ситуацияға ауыстыруда, яғни шығармашылық жұмысқа қабілеттілікті иеленуде.

3. Тұлғалық-бағдарланған оқыту үш ерекшелікті: тыңдаушылардың психикалық даму типін, оқытушының тұлғалық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін және тыңдаушы үшін пәннің психологиялық теңбе-тең түсінігін есепке алуға бағдарланған.

4. Егер оқыту өнімді (шығармашылық) ойлауды қалыптастырса, ол дамытушы болып табылады. Оқытуда дидактикалық принциптер жүйесін: оқыту проблемалылығы; даралау және саралау; ойлаудың әр түрлі компоненттерінің үйлесімді дамуы; ақыл-ой қызметінің алгоритмдік және эвристикалық тәсілдерін қалыптастыру сақталғанда ғана ойлаудың өнімділігін дамыту мүмкін болады.

Дара басшылық және жарғылық қарым-қатынастар орын алатын ІІМ оқу орындарында педагогикалық процесті басқаруда, тұлғалық-бағдарланған амалдың өзінің ерекшеліктері болатынын есепке алу қажет:

1. Талаптардың шынайылығы. Бұл ереже тыңдаушылар орындайтын міндеттердің мазмұнынан, олардың шешетін кәсіптік-қызметтік міндеттерінен, тәжірибесі мен кәсіптік қабілеттерінен алғанда, педагогтың талаптылық білдіруіне түрткі болады.

2. Талаптардың мерзімді уақыттылығы. Берілген ереже тәртіп бұзуды ескерту бойынша жұмыстың жүргізілуіне, тәртіп бұзушылық белгілеріне, ұсақ теріс қылықтарға дер кезінде жауап қайтаруға мүмкіндік береді.

3. Талаптардың жүйелілігі. Тыңдаушылардың қызметіне және тәртібіне әр түрлі талаптар қоюда педагог тарапынан байланыстың жүйесіздігі және жоқтығы басқарушы әрекеттердің және тәртіптік практиканың тиімділігін төмендетеді.

4. Талаптардың дәлелденгендігі. Осы ережеге сүйеніп, педагог талаптардың мазмұнын түсінуге және олармен іштей келісімге қол жеткізуі тиіс.

5. Талаптар қоюдағы жүйелілік. Бұл ереже педагог тарапынан иеленген тәжірибесіне, кәсіптік біліктілігіне, сондай-ақ жеке қабілеттеріне сәйкес талаптылықты үйлестіруді талап етеді.

6. Талаптардың тақырыптылығы. Педагог талаптарының дәл адресі болуы, тыңдаушылардың алдағы әрекеттерінің мазмұнын, міндеттерді орындау мерзімдерін, жорамалданатын нәтижелерді, жұмыс жолдары мен тәсілдерін көрсетуі тиіс.

7. Талаптар қоюдағы әдептілік және тілектестік. Талаптылықты білдіру түрі тыңдаушының жеке ерекшеліктерін ескеруі тиіс.

8. Талаптардың дұрыстығы. Берілген ереже оқытушыны өзінің бағаларына және қорытындыларына аса ынталы болуға, оларды тыңдаушылар орындайтын лауазымдық міндеттер шеңберімен, жұмыс тәжірибесімен және қызметтің нақты нәтижелерімен байланыстыруға мәжбүр етеді.

Біз тұлғалық-бағдарланған қатынаста өзара әрекеттесудің екі субъектісін ғана емес, сонымен бірге басқа субъектілерді – адамзат мәдениетінің құндылықтарын тасушыларды қарастырдық. Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындары тыңдаушыларының педагогикалық мәдениетін тәрбиелеуде халық педагогикасына үлкен роль бөлінеді. Халықтың рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылып, қазақ халық педагогикасында көптеген ұрпақтар тәжірибесінен алынған білімнің жиынтығы ретінде адамзат мәдениетін тәрбиелеудің көптеген жақсы дәстүрлері бар.

Сондықтан адамзат мәдениетін тарату, құру және тұлғаны қалыптастыру тұлғалық-бағдарланған қатынасты іске асыру кезінде ғана мүмкін болады, оны біз өзара әрекеттен, өзара түсініктен, өзара байланыстан, өзара танымнан, өзара қарым-қатынастан, өзара әсерден және бірлескен қызметтен тұратын, көп кешенді процесс ретінде анықтадық.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқаруда, тұлғалық-бағдарланған қатынастың мақсаты — білім алушының тұлғалық-кәсіптік дамуына мүмкіндік туғызатын қатынасқа қатысушылардың дәлелдік, танымдық, эмоция-еріктік және тәртіптік сфераларда өзгерістерге қол жеткізуі.

Осыған орай, біз Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқаруда, тұлғалық-бағдарланған қатынастың мазмұны туралы түсінікті кеңейттік, ол 1-кестеде берілген.

1-кесте – Педагогикалық процесті басқаруда тұлғалық-бағдарланған қатынастың мазмұны

Мазмұны	Шарттары
Өзара әрекет	Әрекеттері, мақсаттары, құралдары, орны, уақыты, әдістері, тәсілдері бойынша келістіру
Өзара түсінік	Серіктестердің бір-бірін қабылдау, зерделеу, түсіну, ортақтасу, өзін-өзі тану, диалог арқылы бағалауы
Өзара байланыс	Идеялармен, қызметтермен, түсініктермен, мақсаттар-мен, тәжірибемен, шеберлікпен, біліммен алмасу.
Өзара таным	Қабылдау және түсіну, біліммен, пікірлермен байытылу, пәнді бірлесіп түсіну.
Өзара қарым-қатынас	Сезімдерді, эмоцияларды, ұнатуды білдіру; әлеумет-тік қауымдастық құру
Өзара әсер	Білім алушының санасында педагогтың әлеуметтік-маңызды құндылықтарын тамаша көрсету (дербестендіру), бірігу
Бірлескен қызмет	Мақсаттың, объектінің, құралдың, нәтиженің бар болуы, ынтымақтастық

Қарастырылған теориялық ережелерді есепке алып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқаруда, тұлғалық-бағдарланған қатынастың келесі принциптерін: тұлғаны дамыту негізі ретінде даралауды; субъектілік тәжірибені айқындауға және байытуға мүмкіндік туғызатын субъективтілікті; оқытушымен тікелей рухани-зияткерлік өзара әрекеттескенде әрбір білім алушының меншікті күш-қуатын толығымен іске асыруын жорамалдайтын диалогтылықты; оқу процесі субъектілерінің айтарлықтай тең құқықтығын білдіретін субъект-субъектілік қарым-қатынастарды; оқытушының әрбір білім алушының басқаларға ұқсас емес, әдейі қызықты тұлға ретінде қабылдауына нұсқауымен қамтамасыз етілген дербестендіруді; шығармашылық қызметтің алуан түрлеріндегі қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған жеке-

шығармашылық амалды; тұлғаның өзін маңыздыландыруына және өзін танытуына мүмкіндік туғызатын қолдауды және сенімді атап көрсетеміз.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқаруда, инновациялық технологиялар негізінде білім алушылардың педагогикалық білімдерін арттыруға бағытталған оқу-тәрбие процесін ғылыми түрде ұйымдастыру төмендегідей өлшемдермен бағаланды.

1.Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне, білім алушылардың қажетсінуі мен қажетсіну қызығушылығына сәйкестігі;

2.Нәтиженің жұмсалған педагогикалық әсер мен әдіс-тәсілдер дәрежесіне сәйкестігі;

3.Зерттеу мақсаты мен соңғы нәтижеге сәйкестігі;

4. Педагогикалық процесті басқаруда, инновациялық технологиялардың, оларды қолданудың тиімділігі;

5.ЖОО-ның қоғамдық-рухани құндылықтарға негізделген дәстүрінің болуы;

6. білім алушылардың өзін-өзі басқару жүйесінің болуы.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқаруда, педагогикалық білімді арттырудағы білім алушылар мен оқытушылардың өзара бірлесіп қатынас жасауындағы маңызы көрсеткіштер:

- социометрия;

- педагогикалық білімді курсанттардың саны;

- курсанттардың өзіндік жұмыстары;

- инновациялық технологияларды қолдану жүйесі;

- педагогикалық білімін арттыруға құлшыныс білдіретін білім алушылардың саны.

2 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқаруда инновациялық технологияларды пайдалану әдістемесі

2.1 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқаруда инновациялық технологияларды пайдаланудың мазмұны

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқаруда инновациялық технологияларды пайдалану мазмұны талдау барысында, біз инновациялық технологиялардың құрамына кіретін мультимедиялық технологияларды негізге алдық. Осы жағдайда, педагогикалық процесті басқарудың бірнеше ерекшелігі бар екендігін есепке ала отырып, білім алушылардың танымдық процестерінің даму деңгейін зерттеудің әдіс-тәсілдерін қарастыруды жөн көрдік.

Баршамызға белгілі, оқыту үдерісінің бірнеше ерекшелігі бар, оларға назар аудару керек: оқыту және оқу:

а) дамытушы болады, соған байланысты мұғалімнің білім алушы мүддесіне бейімделуі қажет. Бұдан шығатыны: оқу үдерісінің әрбір білім алушының қисынды ойлау қабілетін, ауызша және жазбаша тілін, қабілеттіліктерін, танымдық қызметке қызығушылығын дамытуға бағыттап, жағдай туғызу керек. Жағдай туғызу дегеніміз: оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін, психологиялық өзара сиымдылығын, жағымды психологиялық (жылы ниеттігі, ашық, т.б.) ортаны қамтамасыз ету;

ә) даярлаушы болады, яғни, модульдің қорытынды (бақылау) бөліміне шығуға даярлайды. Сондықтан да әр сабақта әрбір білім алушыға қойылатын барлық бағалар мен берілетін бағалаулар бақылаушы емес, ынталандырушы сипатта болады. Бағалар мен бағалауларды негізінен оқушылардың өздері (өзіне, бір-біріне, командаға, топқа) береді.

Оқыту және дамыту - өзара күрделі қатынастағы процестер. Білім алушының көптеген тұлғалық психикалық қасиеттері, психологтардың пікірінше, жеке өзіндік, өзін қанағаттандыратын қызметі барысында айқындалып, қалыптасады.

Егер оқушының жеке өзіндік қызметі, оның үстіне, жоғарыда айтылғандай, қиындықты жеңіп, жаңалық ашып, жақсы нәтижеге жетуінен және, ең бастысы, танымдық қызметтің өзінен жағымды эмоциялар алатындай қызметі ұйымдастырылмаса, онда мұғалімнің баланы танымға «жетелеп енгізбек» болған әрекеті күтілген нәтиже бермейді (яғни, тұлғаны дамытпайды).

Бұл үшін мұғалім сабақта әр студентке психологиялық қолдау көртсетуі, психологиялық жайлы (ыңғайлы) орта туғызуы қажет.

Оқыту үдерісінде психикалық дамуды жетілдіру оған жағдай жасау, мұғалімнің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Білім алушыға оқу,

танымдық қызметпен айналысу ұнап, ол ақыл-ой жұмысынан қанағаттануы тиіс. Бұл, мүмкін, мұғалім жұмысының неғұрлым проблемалы міндеті шығар. Әрбір оқушының оқуға ниеттенуі, танымдық процеске жағымды көзқараста болуы үшін және оларды жағымды эмоциялар туғызу үшін не істеу керек? Бұл сауалға біржақты жауап бола қоймас, өйткені бұл психологиялық сипаттағы көптеген факторлармен байланысты. Дегенмен оның шешімін іздеу мүмкіндігі бар.

Бұл үшін: білім алушының оқу ісіне шын мәнінде қосылуы үшін ол оқу барысында алдына қойған міндеттерін тек түсініп қана қоймай, іштей қабылдауы тиіс, яғни, оқушы оларды өз көңіл таразысынан өткізіп, мән беруі тиіс; таным процесін өзара сөйлесу арқылы ұйымдастыру оған қатысушы адамдардың талабы мен ниетіне, ойына, көңіл-күйіне және сезіміне едәуір күшті ықпал етеді; қабілеттерді (соның ішінде танымдық) дамытуға қол жеткізу неғұрлым демократиялы орта жағдайында жеңілірек болады; кейбір қатысушыларға өз қызметінің нәтижелеріне қол жеткізу маңызды болса, енді біреулерінде - өзіндік ойлау қызметі маңыздырақ.

Оқыту үдерісінде мұғалім жалпы да, және де оқу әрекеттерінің бәрінің жиынтығын анық білуі керек, оларды орындауда балалар белгілі бір тарауын толық меңгереді. Жасөспірім шағындағы оқушыларда талап етілетін оқу әрекеттерінің жүйесін арнайы және табанды түрде қалыптастыру қажет. Оқушылардың оқу материалын көрнекі ұғымға және текстті тура, сөзбе-сөз есте ұстауға сүйеніп игеруге тырысатын жағдайларын жиі байқауға болады.

Алғаш бұл қажетті оқу әрекеттерін толық орындаудан гөрі оңай да тезірек болады (мысалы материалдарды мағынасына қарай қайта топтау, тірек пункттерін бөліп көрсету). Бірақ мұғалім оқу ісінің өз шегінен шығып кететін стихиялы талпынысты тоқтатуға және ерекше оқу ситуациялары ішінде балаларды материалды шын мәнінде игеруге бастайтын іс-әрекеттерді жүйелі қалыптастыруға міндетті.

Ғалымдар шығармашылықты әлемді жаңартудың формасы ретінде қарастырады. Оны жасаушы адам өзіне табиғаттан берілетін қабілеттерімен қажеттіліктеріне орай жасампаздықтың өмір сүре алмайтындығына, ал кейбір адамдарда шығармашылыққа деген қажеттілік болмай жатса, ол оның деграцияға ұшырауы деп түсінеді.

Ғылыми - теориялық еңбектерге талдау жасау: тек шығармашылықта, шығармашылық арқылы ғана адам өз табиғи қалпының шыңына шығады, шығармашылыққа қабілетті адам қайталанбас, біртуар адам (В.А.Каракровский), жеке тұлға деңгейіндегі шығармашылық «ішкі» «өзін-өзі жасау» және «сыртқы» «қоршаған әлемді өзгерту» жағдайындағы диалектикалық бірлікте жүреді деген қорытынды жасауға негіз болды [29].

Танымдық және шығармашылық әрекетті жүзеге асыратын субъект – тұлға. Қандай типтегі тұлға шығармашылықта мұратына жетеді десек, ойы ұшқыр, ақылы алғыр болуы керек екендігі ғылымда дәлелденген, Ең бастысы, шығармашыл тұлғада шығармашылыққа деген қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісінен қанағат табу сезімі болуы қажет.

Осыған байланысты «адам идея, жаңалық ашам деп ойлайды, ал шын мәнінде олар адамды ашады» деген К.Г.Юнгтің сөзін келтіре кеткіміз келеді. Бұл шығармашылық – адамды дамытуда, шебер етіп шыңға көтеретін факторлардың бірі екеніне дәлел бола алады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үдеріс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Я.А.Коменскийдің, И.Герbartтың дәстүрлі объект - субъектісі педагогикасының орнын басқасы басты, ол балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі өзек тілендіруге, өзін танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер – оқытушы мен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Ақыл-ой қабілетінің дамуын зерттеуге арналған алғашқы тесттерде француз ғалымдары Бине және Симон енгізген болатын. Олардың алдында тұрған мақсат – қай балалар жақсы оқитынын, ал қай балалар нашар оқитынын анықтау болатын. Алғашында олар жақсы оқитын және үлгерімі нашар оқушылардың орындау нәтижелері ерекшеленетін тапсырмаларды іріктеп алды. Нәтижесінде зерттеушілер ақыл-ойының даму деңгейі анықталатын (IQ) әдістеме алды.

Стенфорд – Бине тесті. Стенфорд - Бине тесті Бине мен Симон әдістемесінің жетілдірілген нұсқасы. Бұл тест екі жастан он алты жасқа дейінгі балалармен жұмыс барысында жиі қолданылады. Мұнда вербалды даму деңгейін, қабылдау, ес, логикалық ойлауға қабілетін өлшеуге арналған шкалалар бар.

Барлық тапсырмалар жас ерекшелігіне қарай топтастырылған. Мысалға, екі жасар балаларға арналған тапсырмалар нысанасы оның үлгісі арқылы тану, қуыршақтың жеке бөлшектерін тану, екі санды қайта жаңғырту сияқты мазмұнда құралған. Ал, алты жасар балалар болса, мысалға, ең аз дегенде алты сөзге анықтама беруі, шатасқан лабиринтке жол табуы қажет.

IQ көрсеткіші жеке бір баланың көрсеткішін берілген жас ерекшелігіне қарай топтың орташа көрсеткішімен салыстыру барысында анықталады. Мысалға, 100-ге тең көрсеткіш белгілі бір баланың IQ көрсеткішінің топтың орташа көрсеткішіне тең екендігін білдіреді.

Жалпы ақыл-ойдың даму деңгейі IQ арқылы өлшенеді – ақыл-ой коэффициенті. Оны танымал зерттеуші, ақыл-ойды зерттеуге арналған тест авторы Д.Векслер ұсынған болатын. Векслер шкаласында ақыл-ой деңгейі ұпайлармен келесі жүйеде өлшенеді:

- 135 ұпайдан жоғары – данышпан,
- 120-135 ұпайға дейін – жоғары деңгей,
- 100-120 ұпайға дейін – орташа,
- 80-100 ұпай аралығы – төмен деңгейді,

80 ұпайдан төмен ұпайлар ақыл-ой дамуының кешеуілдеуін анықтайды.

Векслер тесті. Векслер тестінің өлшем шкалалары балалардың ақыл-ой дамуын зерттеуге арналған екі тестте қолданылады. Оның бірі төрт жастан алты жасқа дейінгі балалармен жұмыс кезінде екіншісі – 7 жастан 16 жасқа дейінгі аралықта қолданылады. Әдістемелер белгілі бір дағдыларды зерттеуге бағытталған субтесттерден тұрады: сөздік қорды меңгеру, айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтау, сандарды есте сақтау, т.с.с. Субтесттердің нәтижелері екі көрсеткішке біріктіріледі: ВИК – вербалды интеллектуалды көрсеткіш, сөз белсенді қолданылатын тапсырмаларды орындау нәтижелерінің жиынтығы және де, В ИК – вербалды емес интеллектуалды көрсеткіш, сөз мүлдем қолданылмайтын тапсырмалар нәтижелерінің жиынтығы, ЖИК – жалпы интеллектуалды көрсеткіш – сөздік және сөздік емес интеллектуалды көрсеткіш қосындысы. Жүргізу барысының ерекшеліктеріне қарамастан Векслер тестінің нәтижелері Стэнфорд – Бине тесттерінің нәтижелерімен сәйкес келеді.

«Гудинаф- Харрис» әдістемесі бойынша ақыл-ойдың даму деңгейін анықтау.

Зерттеу келесі мазмұнда жүзеге асырылады: сынаушыға стандартты форматтағы бір парақ ақ қағаз және қарындаш ұсынылады. Қарындаш- жұмсақ, М немесе 2М маркасындағы болуы қажет. Сыналушыдан өз мүмкіндігінше адамның бейнесін жартылай түрде орындап жатса, онда тапсырманы жаңадан орындауды ұсынады.

Тапсырманы орындап болғаннан кейін сыналушымен бейненің түсініксіз бөліктерін, ерекшеліктерін нақтылау мақсатында қосымша әңгіме жүргізіледі. Әдістеме мүмкіндігінше жеке түрде жүргізілуі қажет. Әсіресе мектепке дейінгі жастағы балаларға.

Тапсырманы орындауда нәтижесін бағалау шкаласы 73 бөлімнен тұрады. Әр бөлімнің орындалу дәрежесіне қарай 1 ұпай есептеледі, критерий сәйкес келмесе -0 ұпай. Соңында ұпайлардың жалпы қосындысы алынады. Тестілік материалды талдау сапасы тестілеу тәжірибесін игеру мен нәтижелерді есептеу барысында артады. Ұсынылған критерийлердің әрқайсысынан суреттің сәйкес келуі 1 ұпаймен есептеледі. Әдістемені құрастырушылармен бірге алынған ұпайларды ақыл-ой коэффициентіне сәйкес келетін көрсеткіштерге айналдыруға мүмкіндік беретін кестелер ұсынылады.

Әлеуметтік - психологиялық тренинг - психологиялық ықпалы топтық жұмыстың белсенді әдістеріне негізделген арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас формасы. Тренинг барысында жеке тұлға дамуының мәселелері неғұрлым тиімдірек шешіледі, қарым-қатынас дағдылары сәтті қалыптасады.

Тренингтің басты артықшылығының бірі – оған қатысушы адам өзін басқалар қабылдағанын және де қабылдайтынын сезінеді. Ол топтың толық сеніміне ие болады және де ең маңыздысы - өз ойларын және сезімдерін, уайымдары мен күмәндарын білдіруде басқаларға сенім арта алатындығында.

Әлеуметтік-психологиялық тренингтің басты міндеті – қатысушыға өзіндік жеке ерекшеліктерін көрсете білуіне көмектесу болып табылады, ал ол үшін өз-

өзінді қабылдай және тани білуді үйрену қажет. Әлеуметтік - психологиялық тренинг топтарының тиімді қызмет атқаруы үшін, сабақты ұйымдастырып және жүргізіп отырған жетекшісі тренингтің жалпы мақсатын танып білуі қажет:

- жеке тұлғаның дамуы;
- қатысушылардың әлеуметтік-психологиялық хабардарлығын арттыру;
- қатысушылардың белсенді әлеуметтік бағытын қалыптастыру;
- өз өмірі мен қоршаған адамдар өміріне мәнді өзгерістер енгізе білу қабілетін дамыту;
- өзін және басқа адамдарды бірыңғай және неғұрлым толық танып білу қабілетін дамыту;
- жеке қасиеттері мен іскерліктерді түзету, шынайы әрі өнімді әрекеттерге бөгет болатын шекараларды жою;
- тұлға аралық өзара байланыстардың тиімділігін арттыру үшін жеке тәсілдерді зерттеу және игеру.

Тренинг – қарым-қатынасты дамыту мақсатында түрлі категориялармен жұмыс жасаудың топтық формасы(педагогтар, оқушылар, ата-аналар, отбасылар). Әлеуметтік-психологиялық тренингтің мақсаты - әлеуметтік ақыл-ойды, кәсіби педагогикалық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Тренинг тиімділігіне келесілерді келтіруге болады:

1. Өзіндік диагностика:

А) Өзі туралы нақты мәліметтер алу;

Б) Адам басқалардың көзінде қалай көрінетіндігін анықтау;

В) Оның идеалды «Менінің»қаншалықты деңгейде дербес екендігін анықтау;

2. Диагностика:

А) Өзіндік талдаудың дамуы;

Б) Сезімдерді жіктей білу, өзін нақты және анық көрсете білу іскерліктерінің дамуы;

В) Өзіндік «Меніні» ашу тек басқалармен қарым-қатынаста ғана мүмкін болатынын сезіне білу;

3. Басқалардың бейнелеріне нұсқауды тексеру;

А) Басқаның бағытын түсіне білуді дамыту;

Б) Олардың анықтауының вербалды емес формаларына сезімталдықтың қалыптасуы;

В) Басқаны тыңдай және түсіне білу іскерлігінің дамуы;

Г) Психотерапиялық әсер ету.

Топ қатысушыларының жоғарғы саны жиырма бес адам (медиотоп), төменгі саны жеті - тоғыз адам (микро топ).

Әлеуметтік психологиялық тренинг топтарында сабақ жүргізудің келесі негізгі шарттарын анықтауға болады:

1. Адамдар бірге тұйықталған ортада жиналған.

2. Олар қарым-қатынастан кете алмайды (топ қатысушылары шеңбер бойымен бір-біріне бетпе-бет орналасқан).

3. топта алдын-ала ұсынылған сатылық құрылым жоқ.

4. Егер топ мүшелері бір-бірімен таныспаған болса, онда танысуды жүзеге асырмауға да болады.

5. Топта топтық тәжірибесі бар, «ойын ережесін» білетін, топ қатысушыларының сезінулерін, пікірлерін еткізу техникасын жеілдетуші адам (жүргізуі) бар.

6. Топ сабақтары жеткілікті дыбыс изоляциясы бар арнайы жабдықталған ортада жүргізілуі тиіс.

Тренинг топтарының қатысушылары топта келесі мінез - құлық принциптерін ұстануы қажет: топтың әрбір мүшесі әрқайсысы туралы не айтқысы келсе де айта алады, әрбір мүшесі топта болып жатқан жағдайлар туралы, топ мүшелері туралы да «осында және қазір туындаған барлық ой пікірлерді дауыстап айта алады.»

Білім алушылардың жеке басын және ақыл-ой қабілетін дамытуға бағытталған тренингтердің басты мақсаты - өзара топтық байланыс негізінде адамның өзінің жеке басын және басқа адамдарды қабылдай білу, түсіне білу қабілетін дамыту және жетілдіру болып табылады. Топтық психологиялық жұмыста берілген субъектіге қолданылатын іс-шара түрін тағайындау туралы шешімді кім қабылдайтыны және де таңдаудағы субъектінің өзіндік ролі қандай деңгейде болатыны маңызды.

Ақыл-ой қабілетін, жеке басын дамытуға бағытталған тренингте іріктеудің басты принципі: адамның өз алдына шешім қабылдауы болып табылады.

Топтық психологиялық жұмыстың бұл формасының жүзеге асуында қолданылатын негізгі қатынас – «Жеке тұлға –жеке тұлға» үлгісінде орындалады. Бұл үлгідегі қатынас осы тренинг жетекшісіне ашық түрде бағыт алуына мүмкіндік береді.

Бұл бағыттағы тренинг тиімді нәтиже алуы, біріншіден, субъективтілік мазмұн алуына байланысты .

Екіншіден, бұл критерий біржақты бола алмайды, өйткені әр қатысушының жеке басының дамуы, әртүрлі жүзеге асатындықтан әртүрлі деңгейде өтеді.

Үшіншіден, бұл тиімді нәтиже алудың кейінгі уақытта көрінуі, яғни тиімділік , тренингтің аяқталу мерзіміне қарай емес, кейіннен сыртқы ортада орындалуы мүмкін.

Бұл жерде төртінші критерийдің анықтауы бойынша, тренинг ортасында туғанын жеке басының дамуына қажетті жағдайлар жасалады да, ал өзгерістердің өзі кең өмірлік ортада, сыртқы ортада көріне бастайды.

Тренинг топпен жаттығуларды орындау, оларды жаңа сыналудылармен қайталау, жаттығуларды өзгерту немесе оларды қайта жабдықтау процесі болып табылады. Оның барысында біз толымды және толымсыз жаттығуларды ажыратамыз. Толымды жаттығулар келесі құрылымдық бөлімдерден тұрады:

- жаттығуға мотивация тудыру;
- сыналудыны таңдау (іріктеу);
- жаттығуларды орындау;
- көрермендерден кері байланыс алу (нені көрді?не болды?жаттығуды орындау барысында кімге көңіл аударды?);

- сыналушының өзіндік сезімі.

Толымсыз жаттығулар – бұл қысқартылған жаттығулар. Мұнда ең алдымен кері байланыс пен сезіну орын алады. Қайта жабдықтау – бұл жаттығуға жаңа іс-әрекеттік мазмұн жаңаның бір бөлігі ретінде қалыптасады. Сергектендіру жаттығуларының міндеті – жаңа ғана жиналған топтың қызметтік күйін бір қалыпқа келтіру, топ қатысушыларына тренинг ахуалын сезінуге көмек беру, топтың тонусын көтеру, біреулерді әрекеттенуге ынталандыру, басқалардың қызуын біршама басу және т.б.

Алғашқы күндерде сергектендіру жаттығуларының ұзақтылығы 10-15 минутқа созылуы мүмкін. Төртінші, бесінші күндерден бастап оларды қолданудың қажеті жоқ, дегенмен мұндай жаттығулар топтық демалыс мерзімінде немесе жаттығулар арасындағы кідіріс кезінде қолданыла алады.

2. Есімдермен жұмыс барысындағы жаттығулар. Топ қатысушыларын бір-біріне таныстыру, олардың өз есімдерін енгізу кез-келген психологиялық тренингтің ажыратылмас шарасы болып табылады. Есімді енгізудің типтік тәсілі қатысушының өз есімі жайлы әңгімелеу болып табылады. Тренинг тобының жетекшісі топ қатысушыларына өз есімі жайлы және оны есіне сақтауға көмектесетін қандай да бір оқиғаны әңгімелеп беруді ұсынады.

3. «Өзара қарқынды кеңістік байланысқа» бағытталған жаттығулар. Тұлғаның жеке басын дамытуға арналған тренингтің бұл жаттығулар тобына топтың барлық қатысушылары бір-бірімен өзара байланысқа түсу арқылы жалпы ойындық тапсырмаларды орындайды.

Бұл жаттығулар тобының екінші қызметі былайша айтқанда, «топты баурап алу» деген мағынада сипатталады. Бұл дегеніміз тренингтің әрбір қатысушысының психо - физиологиялық белсенділігінің деңгейін, сергектік деңгейін арттыру және теңестіру, біреулерге артық дене қуатын сыртқа шығартып, басқа біреулерге сол қуатты өз бойына қорек етуіне мүмкіндік беру деген мағынаны береді.

4. «Психологиялық кеңістіктер шекарасын» сезіне білуге бағытталған жаттығулар. Бұл ойын - жаттығулар тобына психологиялық кеңістіктерді анықтау. Көрсете білу және оларды реттей білу мақсатындағы тапсырмалар жатады.

5. Сөздік әрекетке бағытталған жаттығулар. Бұл жаттығулар тобы ең кең тараған топтардың бірі болып табылады.

Іс-әрекет психологиясы адамзат әрекетінің төрт типін ұсынады: дене әрекеті, перцептивті әрекет, ақыл-ой әрекеті және сөздік әрекет.

Дене әрекеттері материалды денелермен іске асады. Оның бірі адам денесі болса, басқа заттар: стакан, тас, орындық немесе қасық және т.б. Перцептивті әрекеттер бейнелермен орындалады. Бұл әрекеттер біздің барлық іс-әрекетімізді толықтырып отырады да, басқа әрекеттерге қатысты бағдарлы қызмет атқарады. Ақыл-ой әрекетінің пәні ұғым болып табылады. Ол сөз арқылы орындалады, яғни біршама сөздік кезеңдерден өтуі қажет. Ал, сөздік әрекеттер болса, П.Л. Гальпериннің айтуынша адамзаттық мінез-құлықпен анықталады.

6. Эмоционалды гимнастика және бейнелеу ойындары. Бұл жаттығулар топтары мазмұны бойынша бір-біріне ұқсас келеді. Эмоционалды гимнастика тренинг қатысушылары бір-бірінің эмоционалды күйлерін тани білуге және көрсете білуге бағытталған жаттығулардан тұрады. Бейнелеу ойындарына қатысушылар қандай да бір затты, жануарды, эмоциялық күйді, таныс суретті немесе басылған сөз тіркесін бейнелеу міндеті қойылатын тапсырмалар жиынтығын жатқызуға болады.

7. Проективтік жаттығулар.

Тұлғаның жеке басын дамытуға бағытталған тренингтердегі проективтік жаттығулардың мақсаты – тренинг қатысушыларының жеке басын өзіндік аша білуге, жеке бас қасиеттері мен мәселелерін әңгімелей білуіне психологиялық қорғаныс орнатылған жағдай жасай білу болып табылады.

Бұл жаттығулардың басты маңызы адам ырықсыз түрде өзі жайлы және өз өмірі жайлы түсініктері мен сезінулерімен бөліседі.

8. Тренинг барысында психологиялық практикумды қолдану. Психологиялық практикум – бұл психологиялық фактілер мен феномендерді көрсете білу болып табылады.

Тренинг барысындағы психологиялық практикум – бұл «түйсік», «қабылдау», «зейін», «ес», «қиял», «ойлау» т.с.с. психикалық процестер тақырыбы бойынша жүргізілетін психологиялық практикумның қарапайым нұсқалары.

Осындай мазмұндағы жаттығулар барысында тұлғаның жеке басын дамыту тренингтерінің бағдарламаларын жоспарлауға болады. Ақыл-ой дамуының негізі бұл осы жаттығулардың қолдануда көздеген мақсаттарының нәтижелі орындалуын болжайды, яғни ақыл-ойдың даму деңгейі ең алдымен танымдық процестерден даму деңгейімен анықталады.

Ол дамудың негізінде өзара қарым-қатынасқа дұрыс түсе білу дағдыларын меңгеру және оны өмір сүріп отырған ортада қолдана білу, жеке басының түпкі қыр-сырларын ашып анықтай білу, өзінің жеке басының бар кемшіліктері және артықшылықтарымен қабылдай білу, басқаның ішкі дүниесін сезіне білу, өзінің ішкі дүниесінің ерекшеліктерін басқаға тұтастай ашық жеткізе білу сияқты іскерліктерін дамытуды болжайды.

Ақыл-ойдың даму деңгейін зерттеуші диагностикалық құралдардың мазмұнына сипаттама берілді. Олардың қатарында ақыл-ой даму деңгейін зерттеуге бағытталған Стэнфорд – Бине тесті, Векслер тесті кездеседі. Сонымен қатар ақыл-ойдың даму деңгейін анықтауға қолданылған Гудинаф-Харрис әдістемесінің жалпы мазмұны сипатталады.

Алынған диагностикалық мәліметтердің негізінде дамыту - түзету қызметінде тренинг мазмұны келтіріледі. Ақыл-ой дамуын жетілдіру қызметінде тренинг мазмұны келтіріледі.

Ақыл-ойдың дамуын жетілдіру мақсатында тұлғаның жеке басын дамыту тренингтерінің бағдарламасын жоспарлауда қолданылатын жаттығулардың мазмұны, ерекшеліктері сипатталды. Олар болашақ мамандарды компьютерлік

– мультимедиялық технологиялар негізінде дайындау барысында, өзінің психологиялық-педагогикалық ықпалын тигізеді.

Атап өтетін бір жайт, қазіргі таңда білім беру саласындағы әлемдік тенденциялар білім алушының бойында жүйелі, бейнелі, әрі икемді ойлау жүйесін, экологиялық, рефлексиялық және ақпараттық мәдениетті, шығармашылық белсенділік пен жаңа сезімді, толеранаттылықты қалыптастыру қажеттілігін анықтап отыр. Білім берудің мақсатына қол жеткізу үшін оқыту үрдісіне жаңа ақпараттық телекоммуникациялық технологияларды белсенді түрді ендіру қажет, себебі оларды тиімді пайдаланған жағдайда тұлғаға бағдарланған оқыту проблемаларын шешуді іске асыруға болады және оқушылар өздерінің дербес қабілеттері мен нышандарына қарай білім берудің әртүрлі саласы бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізуге нақты мүмкіндік алып отыр.

Осыған орай, біз оқытудың мультимедиялық технологиялары – компьютерлік техниканың, телекоммуникациялық байланыс құралдарының жиынтығы ретінде қарастып отырмыз.

Қазіргі таңда дидактикалық теорияларға сүйене отырып, оқушылардың оқу әрекетін жаңа сипатта ұйымдастыруды және компьютерлік технология мен коммуникацияны біздің еліміздің оқу орындарының практикасына енгізуді яғни интернет, мультимедиялар, электрондық сөздіктер, электрондық оқулықтар және т.б. талап етілуде. Өйткені олардың бүгінгі күнде жоғары оқу орнының оқыту процесінде өте маңызды рөл атқаратындығы дәлелденген.

Компьютерлік оқыту формаларын қолданатын қазіргі деңгейдегі дамыған телекоммуникациялар, дистанциондық технологиялар информациялық технологиялар және мультимедиялық технологиялар алдағы жүзжылдықта оқыту процесінің даму негізін құрайды. Өмірдің барлық саласында мультимедиялық технологияларды енгізу және дамыту қажет.

Алдымен, осы түсініктерде көп қолданылатын „орта” терминіне тоқталайық. Орта макроорта және микроорта ұғымдарын құрайды. Макроорта қоғамдық-экономикалық жүйелерді қамтыса, микроорта жеке тұлғаның айналасындағы жанұя, ұжым секілді жекелеген элементтерден құралып отырады [72].

Білім беру ортасы – білім беру мекемелеріндегі оқыту технологияларының, ақпараттық ресурстардың жиынтығы болып табылады. Оқытудың мультимедиялық технологиялары – компьютерлік техниканың, телекоммуникациялық байланыс құралдарының, инструменталды бағдарламалық жабдықтарының жиынтығы.

Ал, ақпаратты-білім беру ортасына қатысты айтар болсақ: білім беру ортасы ешқашанда «ақпаратсыз» бола алмайды. Бұл жердегі «ақпаратты» сөзі ақпараттық технологияларға қатысты айтылып тұр [73]. Сондықтан да «ақпаратты-білім беру ортасы – ақпараттық білім ресурстарын пайдалануға мүмкіндік беретін ақпараттық технологиялар негізінде құрылған оқыту технологиясының жиынтығы» – деп тұжырымдалады.

Сонымен қатар қазіргі таңда педагогикалық технология мәселесі теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқау болуда. Теориялық тұрғыдан алып қарағанда, педагогикалық технология педагогиканың категориясы ретінде қарастырылады, оның мәні, құрылымы айқындалады; педагогикалық іс-әрекеттің әртүрлі саласындағы (дидактика, тәрбие, білім беруді басқару) педагогикалық технологияның ғылыми негіздері оқып-үйреніледі; педагогикалық технологияны жобалаудың әдіснамасы мен теориясы зерттеледі; педагогикалық технология теориясының негіздері ашып көрсетіледі Е.С.Полат, А.К.Колеченко, В.С. Кукушкин, Н.Е.Щуркова, т.б.

Белгілі ғалымдар Ш.Т.Таубаева, Б.Т.Барсай, педагогикалық технология - оқу-тәрбие үдерісінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі деп тұжырымдайды [74].

Болашақ мамандардың жаңа технологиялар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, жаңа жағдайда психикалық функциялардың басқа жақтары да қайта қарастырылуы тиіс.

Педагогикалық технологияның құрылымы мазмұнды және процессуальды компоненттерден тұрады. Мазмұнды компонентті тұжырымдамалық – мақсатқа жету құралдары, оқыту-тәрбиелеу үдерісінің тиімділігі туралы білімдер жүйесі, диагностикалық – педагогтың кәсіби-педагогикалық бет пердесі, тұлғаның дербес ерекшеліктері мен оқушылардың дайындық деңгейі, дидактикалық - оқыту мазмұны; әдістер, әдістемелік тәсілдер; ұйымдастыру формалары; дидактикалық құралдар құрайды.

Процессуальды компонент алдын-ала жобаланған оқу-тәрбие үдерісін практикаға ендіру болып табылып, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруды, оқу-тәрбие үдерісін басқаруды көздеп отыр [75].

Оқытудың компьютерлік технологиясы дегеніміз – ақпаратты жинақтау, ұсыну және бақылауды ұйымдастыру, танымдық іс-әрекетті басқару секілді педагогтың атқаратын функцияларының компьютерлік техника негізінде педагогикалық шарттарын құрудың әдістері мен тәсілдер жиынтығы болып табылады.

Ж.А.Қараевтың [76] пікірінше «компьютерлік оқыту технологиясы өзіндік танымдық іс-әрекетті дамытуға арналған методологиялық, психопедагогикалық, бағдарламалы-техникалық, ұйымдастырушылық құралдардың жиынтығы».

Оқытудың компьютерлік технологиясы мұғалім мен оқушының арасындағы қатынас формасын өзгертеді. Бұл өз кезегінде оқу мотивациясын күшейтеді, оқытудың қарқындылығын арттырып отырады.

Оқытудың барлық функцияларын бірден іске асатын, дидактикалық процестің әсерімен үздіксіз деп қарастыруға болмайды. Олардың бәрі күрделі шиеленіскен байланыста болады: біреуі басқасының бастаушысы, оған жол салушы, басқасы оның салдары және әрі алғашқы себептің белсенділік шарты

болады. Сондықтан бұл функциялардың өзара байланысын, олардың бірлігінің диалектикалық сипатын ескере отырып қарастырған жөн.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс үш кезеңнен тұрды: анықтау, қалыптастыру және бақылау.

Анықтау эксперименті барысында біз ғаламторда бар Интернет-ресурстарға талдау жасадық және оқыту үдерісінде Интернет-ресурстарды пайдалану мүмкіндіктерін оқып-үйрендік, мұғалімдермен, білім алушылармен әңгімелесулер жүргіздік.

Бұдан біз ақпараттық қарым-қатынас жасау мүмкіншілігі бар білім беру порталдары мен сайттарының басым бөлігі ресейліктердің үлесінде екені байқалады. Ресейлік Интернет-ресурстарға сараптама жасау барысында олардың Интернетті пайдаланушылармен әрекеттік байланыста болатынын анықтадық. Мысалы, www.bilimdiler.kz сайтында мұғалімдер: педагогика пәні бойынша қоғамдастық және форум, конкурстар арқылы; ата-аналар: блог, оқушылар: конкурстар, викториналық ойындар, әдеби марафондар, тест тапсырмаларын орындау арқылы байланыста бола алады.

XX ғасырдың аяғы жалпы білім беретін мектептердің оқу үрдісінде пайдаланылған техникалық оқу құралдары түрлерінің көбеюімен және ауқымдылығымен мазмұндалуда. Білім беру саласы түбегейлі жаңа ақпараттық құралдармен қамтамасыз етілді. Оқу үрдісінде компьютерлік ЭЕМ-ның қолданылуы, ғылыми техникалық ақпарат көлемінің қауырт өсуі және оған байланысты көп ақпараттың тез «ескіруі», ақпаратты машина арқылы өңдеудің және басқарудың тиімді тәсілдерін жасау қажеттілігі туды. Электронды есептеуіш машиналарды оқу үрдісінде пайдалануды зерттеу ісімен Қазақстан Республикасының белгілі ғалымдары мен көптеген жоғары мектептің мамандары айналысып келеді (Ж.С.Сарыпбеков, Е.Ы.Медеуов, Е.У. Бидайбеков, Г.К.Түкеев, Ғ.З.Қазиев, А.М.Тәтенов, Н.Т.Ермеков және т.б.).

Қазіргі таңда қазақ тіліндегі сайттар әлі де болса жеткіліксіз. Оның себебі, тұтынушы іс жүзінде ғаламтор желісінде қазақ тілінде ақпаратты толық алуға мүмкіншілігі жоқ. Сұраныстың мардымсыздығы ұсыныс сапасының қажетті деңгейге көтеріле алмайтындығын көрсетеді. Мұндай тығырықтан шығаратын жолдың бірі ретінде елімізде білім беру порталдарын жасаудың, қолданылуының аясын кеңейтуге көңіл бөлуіміз керек. Білім беруді ақпараттандырудың маңызды факторы Интернетке шыға білуде. Қазіргі уақытта республика бойынша мектептердің 98%-ы Интернет желісіне қосылуда.

Көптеген сайттар хабарландырушылық сипатта, мектептің тарихын, жетістіктерін көрсетумен ғана шектеліп отыр. Білім беретін материалдар сирек кездеседі, оқушылардың өздері жасаған материалдар тіпті аз.

Ақпараттандырудың тиімді түрлеріне аудирование (тыңдалым), бейнеқолдау сынды бейне техникаларды қолдану жатады (3 сурет). Оқу үрдісінде мультимедиялық технологиялар мен жаңа ақпараттық желілердің пайда болып, телеарна орталықтарында мұғалімдердің, арнайы мамандардың жетекшілігімен оқу теле бағдарламалары даярланды. Мұнда қашықтан оқыту

құралдары мен қашықтан оқытудың жерсерік арнасыны маңызы ерекше. Бұл жүйе оқу үрдісін ұйымдастырудың тиімділігіне және білім сапасының артуына мүмкіндік беретін жаңалық болды.



3 сурет. www.best-app.kz/tags/onlain тыңдалым, бейнеқолдау бейне техникалар

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті басқаруда, компьютерлік бейне конференциялар, техникалық құрал-жабдықтар арқылы алынған мәліметтерді өңдеп, білім алушыларға жеткізуді қамтамасыз етудегі жоғары деңгейімен сипатталады.

Демек, әрбір білім алушы мамандар компьютерлік желі арқылы қосылатын әр түрлі электрондық мұрағаттар мен Интернет-ресурстарды жан-жақты меңгеру негізінде көптеген ақпараттарға өз орнында отырып-ақ қол жеткізеді. Электрондық кітапхана, электрондық оқу басылымдары, электрондық оқулықтар және т.б. мүмкіндіктер пайда болды. Бұл әрине, оқу үрдісін ақпараттандырудағы үлкен жетістіктер ретінде қарастырылады.

Ақпараттық-қатынастық технологиялар мұғалімді алмастыра алмайды және мұғалімге тән көптеген қызметтерді орындай алмайды. Бірақ, мұғалім студенттердің жеке мүмкіндіктерін есепке ала алмайды және осы мүмкіндіктердің бәрін анықтауға мұғалімнің күші де келмейді.

Сонымен қатар, мұнда сабақ үлгерімі нашар және орташа студенттерге көмек көрсету, жақсы оқитын студенттерге әрқашан қиынырақ тапсырма беруге көңіл бөлу мүмкіндіктері де жатады.

Біз зерттеу барысында <http://www.dtcom.kz> сайтындағы педагогикалық мамандыққа арналған *дербес блогты* пайдаландық. Онда курстар бойынша

«Білім берудегі менеджмент», «Педагогика», «Қазіргі заманғы білім беру технологиялары» пәндері бойынша тақырыптар, дидактикалық материалдар (сабақ жоспарлары, слайдтар, анимациялар, әдістемелік нұсқаулар, мұғалімдердің өздері жасаған ресурстар) орын алған (4 сурет).



4 сурет. <http://www.dtcom.kz> пәндік электрондық ресурстар

- Ақпарат алуда кері байланыстың, яғни пайдаланушылардың арасындағы қарым-қатынастың болуын басты мақсат етіп алдық. Жүйеде мұғалімдер мен студенттер, ата-аналар арасында ақпаратты кез келген пішімдегі файлдармен алмасуға болатын жағдай жасалып отырды.

- Қарым-қатынастың үлкен мүмкіншілігі – бұл ақпараттық-білім беру ортасында байланысушылардың қарым-қатынасын ұйымдастыруда маңызды қатынастық объект болып табылады. Пайдаланушының белсенділігін, олардың желідегі жұмысын бақылауға мүмкіндік беріп отырды.

- Бұл жұмысқа тәжірибелі педагогтар қатыстырылды. Бағдарламалық материалдардың мазмұны қысқа да нақты етіліп беріліп отырды. Блогта орын алған материалдар мұғалімдерге арналып жасалғанмен, ақпараттарды барлық оқушылар, ата-аналар қажетінше пайдалануларына болады. Себебі ата-ана мұғалімдердің балалармен қандай тақырыпта, нендей мәселелерді талқылап отырғанын, өз балаларының қандай нақты білімдерді меңгергенін бақылауларына жағдай жасалған.

Компьютерлік оқытушы және бақылаушы бағдарламалар педагогиканы оқытуда оқу әрекетін, білімін бақылауды жеке басқаруға көмектеседі. Педагогиканы оқыту процесінде дәстүрлі әдістемені біршама ығыстыра отырып компьютерлер еніп, пән оқытушыларын әдістемелік проблемаларды

шешуге мәжбүрлейді. Осының салдары ретінде педагогиканы оқытуда ЖАТ кең енгізуге оқытушылардың барлығы бірдей дайын емес. Әрбір оқытушының түсінуі қажет: компьютер оқу процесінде - механикалық педагог еместігін, оқытушы еместігін, оның оқыту әрекетінде күшейтуші және мүмкіндігін кеңейтуші, оқытушының уақытын шығармашылық әрекетке босатушы, құрал ретінде түсінуі.

Педагогика сабақтарын оқыту мен бақылаудың техникалық құралдарының ПӘК белгілі болғандай мынадай критериялармен анықталады:

- оқу процесінің тиімділігін жоғарлату;
- пәнді зерделеуге санасын және қызығушылығын дағдыландыру;
- жауапты ұзақ шешусіз және оқусыз тез енгізу мүмкіндігі

Компьютерлерді педагогика сабақтарында қолдану оқу процесінің қарқындылығын айтарлықтай жоғарлатады. Оны қолдану анағұрлым көп материалды меңгеруге көмектеседі, бұл кезде материал мықтап меңгеріледі, себебі процесте есте сақтаудың барлық түрлері қосылады.

Компьютер оқу процесін жан жақты бақылауды да қамтамасыз етеді. Бақылау, белгілі болғандай оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және студентпен оқытушы арасындағы қайтымды байланыс қызметін атқарады. Оқушылардың білім сапасын бақылау үшін компьютерді пайдалану кезінде бағалаудың үлкен объективтігіне қол жетеді. Компьютер студенттердің жауаптарының үлкен әртүрлігіне адал, бұл сабақ үстінде студенттерге өздеріне деген сенімділікті бере отырып, қолайлы әлеументтік-психологиялық атмосфераны жасайды, олардың жеке қасиеттерінің дамуы үшін, шет тілін зерделеуге себептілікті жоғарлатуда маңызды фактор болып табылады.

Білім берудегі менеджментті зерделеуге себептілікті басқару оқыту әдістемесінің орталық проблемаларының бірі болып табылады. Қазіргі сәтте тұтас алғанда себептілік (мотивация) және жекелеп алғанда оқыту әрекетіндегі себептілік дегеніміз не деген бірдей түсінік жоқ.

Көптеген жылдардың бақылауы бір курс оқыту ішінде студенттердің педагогикалық әрекетің әралуан түрлеріне қарым қатынасы теріс немесе оң жаққа өзгертіндігін көрсетті. Бұл тура оқытушының жұмыс істеу стиліне байланысты. Бір ғана оқулықты, бір түрлі жаттығуларды үнемі пайдалану оң эмоцияларды әлсіретеді сонымен қатар студент енжар қараушыға айналады.

Тәжірибе көрсеткендей жаңа компьютерлік технологиялар студенттерді қызықтырады, олардың басты қызығушылықтарының бірі болып табылады. Сондықтанда оқыту процесінде компьютерлік технологияларды пайдалану, сөзсіз оң себептестіктің қалыптасуына көмектеседі, бұны кезекті өтілген тақырыпты игерудің ағымдық және аралық бақылауда бақылаушы бағдарламаны біз тікелей пайдаланумен дәлелдедік.

Мәселені теориялық зерделеу оқу процесіндегі тәжірибеде берілген сұрақтың қажеттілігін туғызды. Жұмыс «Білім берудегі менеджмент» 15 оқыту апталығында, аптасына 3 кредиттен кредиттік жүйеде оқытылатын білім алушылармен жүргізілді. Оқытушының берілген кезеңінде компьютермен

білім алушылардың жұмысқа дайындық деңгейін анықтау және педагогикалық зерделеудің себептілігін күшейтуші жағдайды анықтау мақсаты қойылды.

Бұл үшін ұсынылған сұрақтар негізінде оқытушылардың ойлары зерделенген болатын:

- сабақ үстінде қандай педагогикалық технологиялар пайдаланылады?
- берілген технологиялар сабақтың мақсатын толықтай іске асыруға көмектесе ала ма?
- білім алушылардың сабаққа қатысуына жетекші себептілікті атаңыз?
- Сіз компьютерді меңгере аласыз ба?
- Педагогиканы зерделеуде себептілікті бекіту үшін қандай құралдарды қабылдау қажет?

Жауаптар анализі дәстүрлі оқыту технологиялары басым түсетіндігін және тек қана бірегей жағдайларда ғана оқытушылар ақпараттық технологияның құралдарын пайдаланатындығын дәлелдеуге көмектеседі.

Сабақтарға қатысу себептіліктеріне қатысты сұрақтарға оқытушылардың барлығына жуығының жауаптары – бал алу тілектері және аз дәрежеде - одан әрі кәсіби жұмыс үшін педагогиканы білу қажеттілігі. Соңғысына жауап беру кезінде оқытушылардың көпшілік бөлігі сұрақта бар мақсатқа жету үшін, оқыту процесінде жаңа ақпараттық технологияны қолдануға көшу қажет екендігіне сенімдерін білдірді.

Педагогиканы зерделеуде себептілікті жоғарлатумен бекітуге көмектесетін компьютерді құрал ретінде пайдалану қажеттілігі оқыту процесінде ЖАТ пайдалану жолында бірінші кезең ретінде бақылаушы бағдарламаны жасауды себептестірді.

Білім алушылармен әрбір тақырып зерделенгеннен кейін 50 тапсырмадан тұратын тест ұсынылады. Компьютерлі технологияны пайдалануға дейін студенттер мұндай түрдегі тапсырманы матрицада орындаған болатын. Оқыту процесінде АТ пайдаланудың тиімділігінің анализі келесі шешімдерді жасауға көмектеседі:

- АТ пайдаланудың алғашқы кезеңінде дәстүрлі әдіспен салыстырғанда бағалардың кейбір төмендеулері болды, бұл бірқатар мәселелермен себептескен, атап айтқанда:

- білім алушының негізгі көпшілігінде компьютермен жоғары жұмыс дағдысының жетіспеушілігі;
- жанында отырған адамнан көмек алу немесе шпаргалка пайдалану мүмкіндігінің жоқтығы;
- жауаптарды бағалауда компьютердің адалдығы.

Соңғы мәселе алған бағаның қанағаттанарлық сезімнің тууына көмектесті, барлық студенттер өз бағаларын объективті деп санады. Мультимедиялық технологияларды пайдаланудың оң факторларына жатады:

- тапсырманы орындауға уақыттың айтарлықтай қысқаруы;
- шифрлау қажеттілігінің жоқтығы, мұның нәтижесінде тиісті құжаттарды рәсімдеуге уақытты айтарлықтай қысқаруы.

Берілген жұмыс түрінде келесі АТ пайдалану баға дәрежесін жоғарлату анықталды. Бақылаушы процесте АТ үнемі пайдалану білім алуда қызығушылықтың өсуіне көмектесті.

Сырттан көмек алу мүмкіндігінің болмауы жағдайында тапсырманы өзбетімен орындау, тапсырманы орындауға аз уақыт жұмсау, қолайлы уақытта келіп тапсырманы орындау шет тілін зерделеу процесіне қызығушылық көрсету деңгейінің өсуіне және бағаларға қызығушылық деңгейінің айтарлықтай азаюына көмектеседі; студенттердің белсенділігі өсті; бағаны объективтілігіне қанағаттанарлық сезімі дамиды, яғни берілген кезеңде жаңа ақпараттық технологияны пайдалану қалыптасады және шет тілін зерделеудің себептілігін дамытады.

Қортындыда оқу процесіне жаңа компьютерлік технологияларды енгізу дәстүрлі оқыту әдісін жоққа шығармайды, ал онымен бірге оқытудың барлық кезеңдерінде үйлесімді сәйкес келетіндігін белгілеу қажет. Бірақ компьютерді пайдалану оқытудың тиімділігін көп рет жоғарлатып қана қоймайды, сонымен бірге білім алушыларды келешекте өзбетімен педагогиканы зерделеуге және оны зерделеуді оң жаққа өзгертуге ынталандырады.

Осы блогта жеке пәндерге берілген әдістемелік нұсқаулардан басқа «Өзімізді сынап көрейік» тақырыбында білім алушылардың өздері алған білімдері бойынша тест тапсырмаларын орындап, нәтижелерін көріп отыруларына болады.

Бұл блогта білім алушыларға арналған тренинг жаттығулары бар (5 сурет). Біз оқушылардың психикалық процестерін дамыту мақсатында оларды үнемі пайдаланып отырдық. Олардың мазмұнын мынадай мәселелер құрады:

- Білім алушыларға арналған тренинг жаттығулар;
- қиялды дамытуға арналған ойындар;
- қабылдау қабілетін дамытуға арналған ойындар;
- есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар;
- зейінді тұрақтандыруға арналған ойындар;
- ойлауды дамытуға арналған ойындар.

